



**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
жағдайды зерттеу»
2016 жылдың 2 тоқсаны**

**Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері
бойынша талдамалық есеп**

Астана, 2016

ӘОЖ 329 (574)
КБЖ 66.75 (5 қаз)
Д 19

Даутов А.Т.

Д 19 **Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу 2016 жылдың 2 тоқсаны/Изучение общественно-политической ситуации в молодежной среде, 2 квартал 2016 года /Даутов А.Т., Аюпова Р.Р., Киалбекова А.Г. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – 204 б.**

ISBN 978-601-7857-02-8

Бұл баяндама Қазақстан Республикасы жастары арасындағы қоғамдық-саяси жағдайға қатысты эмпирикалық әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерінен тұрады. Зерттеу «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген. Баяндамада әлеуметтік өзін-өзі сезіну, азаматтық белсенділік пен жастар арасындағы діндарлықтың сұрақтары қарастырылған.

Данный доклад содержит результаты эмпирического социологического исследования общественно-политической ситуации среди молодежи Республики Казахстан. Исследование было проведено Научно-исследовательским центром «Молодежь». В докладе рассмотрены вопросы социального самочувствия, гражданской активности, религиозности молодого населения страны.

ӘОЖ 329 (574)
КБЖ 66.75 (5 қаз)

ISBN 978-601-7857-02-8

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы», 2016
© Научно-исследовательский центр «Молодежь»,
2016

Мазмұны	
1. Зерттеу бағдарламасы	5
1.1 Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі	5
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері	5
1.3 Зерттеудің болжамдары	6
1.4 Негізгі ұғымдардың мағыналары	6
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлімі	7
2. Жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйлері	11
2.1 Өмір сүру деңгейіне қанағаттану	11
2.2 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі	17
2.3 Жастар арасындағы әлеуметтік шиеленістің деңгейлері мен себептері	20
2.4 Жемқорлықтың деңгейін бағалау	23
Бөлім бойынша қорытынды	26
3. Жастардың білімі мен жұмыспен қамтылуы.....	28
3.1 Жастар арасында кәсіптік өсу және жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін бағалау	28
3.2 Білім беру реформаларын қолдаудың деңгейі	30
3.3 Білім беру сапасына қанағаттану	35
Бөлім бойынша қорытынды	36
4. Мемлекет жастар саясатын бағалау	37
4.1 Мемлекет жастар саясаты туралы ақпараттану деңгейі	37
4.2 Жастар арасында қоғамдық-саяси белсенділіктің деңгейі	47
4.3 Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру	56
Бөлім бойынша қорытынды	58
5. Жастар арасындағы діни ахуал жағдайды бағалау.....	61
Бөлім бойынша қорытынды.....	64
Қорытынды	65
Қосымша	66

I. Ғылыми-зерттеу бағдарламасы

1.1 Зерттеудің өзектілігі мен негіздемесі

Жастар әлеуметтік қоғамдастық ретінде қос позиция жағдайда: бір жағынан, ол әлеуметтік әлсіз топтардың бірі болып табылса, екінші жағынан, жетекші орындарға иеленеді, өйткені, жастар өзінің табиғаты бойынша жаңаның бәрін қабылдап, дәстүрлі емес инновациялық шешімдер жасауға бейім болып келеді.

Қазіргі таңда елімізде 14-29 жас аралығындағы жастардың 40-тан астам санат құрылымы, яғни оқушы, студент, жұмыс істейтін, жұмыссыз, деструктивті, өзін-өзі жұмыспен қамтыған, ауыл және басқа да жастарды бөліп көрсетуге болады. Бұл санаттардың әрқайсының өзіндік мәселелері, қажеттіліктері мен үміттері болады. Осы орайда іске асырылып жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігі қазақстандық жастардың түрлі санаттарының қажеттіліктерін уақытылы диагностикасына тікелей байланысты болып келетінін түсіну керек.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жастар арасындағы жағдайлар, олардың қажеттіліктері мен күтілетін үміті, елде болып жатқан қоғамдық-саяси үрдістерге деген қатынастары туралы өзекті ақпаратқа иелену керек. Осыған негізделе отырып, қазақстандық жастардың қазіргі жағдайын тексеру және бақылау мақсатында жүйелік негізде әлеуметтік және сараптамалық зерттеулерді жүргізу керек.

1.2 Зерттеулердің мақсаты мен міндеттері

Аталған зерттеудің мақсаты Қазақстан жастарының әлеуметтік көңіл-күйін зерттеу, оның негізгі қажеттіліктерін анықтау, сондай-ақ әлеуметтік тәжірибелерін талдау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі түйінді әлеуметтік зерттеулерді шешу қажет:

- Жастар ортасындағы негізгі қажеттіліктерді ашып көрсету;
- Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды бағалау;
- Өзекті әлеуметтік мәселелердің рейтингісін анықтап шығару;
- Жастардың өз өмір деңгейіне, материалды жағдайына қанағаттану деңгейін анықтау;
- Жастардың наразылық көңіл-күйінің деңгейін анықтау;
- Жастар ісі бойынша Кеңестердің, Жастар ресурстық орталықтарының, Жастар саясаты департаментінің және басқа да жастар ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалау;
- Жастар ортасындағы діни жағдайдың деңгейін бағалау;
- Жастардың құндылықтық ұстанымдары мен бағдарларын анықтау;
- Жастар ортасындағы миграциялық көңіл-күйді анықтау;
- Жастардың Астана және Алматы қалалары, облыстардың әкімдіктеріне сену деңгейін анықтау;
- Жастардың Елбасын қолдаудың деңгейіне талдау жасау;

– Аймақтардағы жастар ортасында болып жатқан жағдайларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақтандыруды қамтамасыз ету бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасау.

Зерттеу объектісі әлеуметтік-демографиялық және территориалды сипаттамаларын көрсететін параметрлер бойынша таңдалған Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы (жастар) халқы болып табылады. Оған қоса, НЕЕТ санатындағы жастар бөлек сұралған болатын (« Лайықты еңбек индикаторлары. Концепциялар және анықтамалар әдіснамасы бойынша НЕЕТ жастары жұмыс істемейтін (жұмыссыздар немесе жұмыспен қамтылған саласына кірмейтіндер) және оқымайтын жастардың тобы ретінде анықталады.

Зерттеу пәні – жас қазақстандықтардың әлеуметтік көңіл-күйі мен қажеттіліктері туралы көзқарастарын зерттеу.

1.3 Зерттеу гипотезасы

Жастардың әлеуметтік көңіл-күйін қазақстан қоғамында жүріп жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістеріне байланысты болып келеді. Қалалық жастардың түрлі көрсеткіштер бойынша өмірге қанағаттану деңгейі жоғары. Керісінше, ауылда тұратын жастар жұмыспен қамту, жоғары және кәсіптік білім алу, баспанаға қол жеткізу мәселелеріне қатысты көп қиындық көреді.

Жастар осы өмірде өз орындарын тауып, өмір сүрудің жақсы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында әрдайым ізденісте болып келеді.

1.4 Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі

Жастар – қоғамдағы өзінің жастық шеңберлері және статусымен ерекшелінетін ерекше әлеуметтік-жастық топ болып табылады: балалық пен жасөспірімдіктен әлеуметтік жауапкершілікке өту. Кейбір ғалымдар жастарды жас адамдардың біртұтастығы деп түсініп, қоғамның олардың әлеуметтік қалыптасу әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беріп, жеңілдіктер жасап, сонымен қатар әлеуметтің белгілі бір салаларында белсенді қатысу мүмкіндігінде шектей алады деп ойлайды.

Қажеттілік – бір нәрсенің жетіспеушілігін психологиялық немесе функционалдық тұрғыдан сезінудің ішкі қалпы, жағдайға байланысты көрініс табады.

Адамның әлеуметтік көңіл-күйі қоғамдағы әлеуметтік игіліктер, олардың қалыптасуы мен таратылу жүйесінен пайда болатын әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттану деңгейімен анықталады. Ол сонымен қатар қандай да бір адам үшін осы әлеуметтік жағдайлардың қолайлы болу дәрежесі, яғни оның өзіндік тәжірибесінен қалыптасатын қоршаған орта туралы субъективті көзқарасы болып табылады.

Жастардың әлеуметтік тәжірибелері жастардың күнделікті өмірдегі қоғамдық маңызы бар сұрақтарға қатысты шешім қабылдау үрдісіне қатысу,

қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болу ниеттері мен құқықтарын, сонымен қатар әлеуметтік ортаға демократиялық әдістермен әсер ету құқығын іске асыруға бағытталған әдетті әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Құндылықтық бағдарлар – адамның санасымен стратегиялық маңызды мақсат түрінде қабылданатын құндылықтар мен жалпы дүниетанымдық бағдарлардың көрініс табуы.

1.5 Зерттеудің технологиялық бөлімі

Іріктемелі жиынтықтың көлемі 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтік зерттеуді жүргізу аумағы – Қазақстан Республикасының барлық аймақтары мен республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық, сонымен қатар ауылды мекендерді қамтыды. Зерттеуде стратификацияланған көпсатылы іріктеме қолданылған. Оған қоса, NEET санатындағы 200 респондент бөлек сұралды («Лайықты еңбек индикаторлары. Тұжырымдамалар және анықтамалар әдіснамасы бойынша NEET жастары жұмыс істемейтін (жұмыссыздар немесе жұмыспен қамтылған саласына кірмейтіндер) және оқымайтын жастардың тобы ретінде анықталады). NEET санатындағы респонденттерді іріктеп алу үшін «жентек қар» әдісі қолданылатын болады.

1 кесте. Жоба бойынша іріктемелі жиынтық, адам

	Жалпы адамдар саны			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1004	996	1136	567	569	863	441	422
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12
Солтүстік Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Бұл зерттеуде бақылаудың бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңнен өтті: іріктеудің ықтималды дизайны пайдаланылады. Іріктеудің ықтималды дизайны кез-келген адамның (14-29 жас аралығында) жиынтық шеңберінде талдау үшін таңдалудың барлық теңдей мүмкіндіктеріне иеленеді. Стратификацияланған көпсатылы іріктеу пайдаланылады. Мысалға, негізгі кабаттар ретінде келесілерді қарастыруға болады:

1 саты. Облыс бойынша іріктеу – облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жасы 14-тен асқан халқының санына қарай елдің 16 аймақтары, Астана және Алматы қалалары, 14 облыс орталықтары бойынша іріктеу көлемдері анықталған.

2 саты. Қала-ауыл қағидасы бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеудің көлемдері есептеліп шығарылған.

3 саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әрбір елді мекеннің шеңберінде бағыттың бастапқы нүктелері мен респонденттер саны кездейсоқ анықталады.

Бастапқы нүктелерді іріктеу

Қаладан бірнеше бастапқы нүктелер таңдалады. Бастапқы нүкте – нақты мекен-жай – көше мен үйдің номері (мысалға, Республика даңғылы, 15 үй. 5

пәтер). Сол жерден бастап үй шаруашылықтарын іріктеу үрдісі басталады. Бастапқы нүкте Бағыт парағында тіркеліп, оған номер тағайындалады. Бастапқы нүктелердің саны учаскілердің санымен бірдей болуы тиіс. Таңдалған учаскілер қаланың түрлі жерлерінде болуы тиіс (мысалы, бір учаскі орталықта, екіншісі базар айналасында, үшіншісі вокзал ауданында). Әрбір бастапқы нүктеден бастап интервьюер ережеге сай бағытпен жүріп отырады. Зерттеуде пайдаланылатын Бағыт парақшаларының саны бастапқы нүктелердің санына тең болуы тиіс.

4 саты. Үй шаруашылығын іріктеу – ережеге сай бағыт бойынша бастапқы нүктеден бастап сол жағындағы үй шаруашылықтары іріктеледі.

Бағытты анықтау

1. Қаладағы немесе ауылдағы Бастапқы нүктенің мекен-жайы анықталады.

2. осы сауалнамаға қатысатын үй шаруашылықтарының іріктемесі құрылады. Әрбір нүктеге сауалнамалардың белгілі бір саны беріледі, мысалға, бір учаскіге 10 сауалнама. Бір учаскіден іріктелген үй шаруашылықтарының саны осы учаскіде таратылуы тиіс сауалнамалардың санына байланысты болып келеді. Бір учаскідегі үй шаруашылықтарының саны сол учаскіге арнайы бөлінген нәтижелі сұхбаттардың санынан 40 пайызға көбірек болу керек. Мысалға, бір учаскіде 10 сауалнама, ал оларды толтыру үшін 14 мекен-жайды пайдалануға болады.

Қадам түрін анықтаймыз: қалалық елді мекендер үшін қадам төртке тең болады (яғни, әрбір төртінші пәтерге кіру керек), ауылды елді мекендер үшін (яғни, әрбір екінші үйге кіру керек).

Қалалық елді мекендер үшін үй шаруашылықтарын тандау ережесі осындай болмақ. Бастапқы нүктеден бастап интервьюер подъезд пәтерлерін 4 кадаммен аралап шығып, әрбір таңдалған пәтерді бағыт парақшасына жазып алады.

Егер сауалнама ауылды жерде жүретін болса, онда үй шаруашылықтарын іріктеу ережесі сақталынады. Бірақ бұл жағдайда пәтерлер емес, ал жер үйлер сұралады. Үй шаруашылығын бағыт парақшасына тіркегеннен кейін біз 1 үй шаруашылығын тастап кетіп отырамыз.

«Сол қол» ережесі. «СОЛ ҚОЛ» ережесі бойынша бағытпен жүре отырып, интервьюер төртбұрыштап жүріп, көшелерді қимай, жолдарды өтпейді.

5 саты. Квота бойынша респонденттерді іріктеу – әрбір үйден респонденттер жыныстық және жастық квота бойынша іріктеледі, респонденттің жасы 14-тен төмен және 29-дан жоғары болмауы тиіс, сонымен қатар жыныс ерекшеліктері репрезентативті болу керек (сұралатын еркек пен әйелдер саны ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сай облыстар, қала және ауылды мекендер бойынша есептеліп шығарылады).

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни респонденттердің құрамы алынған параметрлер бойынша жалпы жиынтықтағы тиісті

пропорцияларға жақындайды (Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша). Бұл жағдайда іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамалары жалпы жиынтықтың орташа сипаттамаларынан $\pm 3,5\%$ ғана ауытқуы тиіс.

Ақпаратты жинау әдісі

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ақпаратты жинаудың сандық әдісі, яғни респонденттен интервью алу арқылы сауалнаманы қолдана отырып, жаппай сұрау жүргізу қолданылды.

Ақпаратты жинау әдісі ретінде «face to face» әдісін қолдана отырып, жастарға жаппай сауалнама жүргізу болып табылады. Бұл әдіс Қазақстан жастарының арасындағы жағдай туралы неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік практикаларын анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген жаппай сауалнама нәтижелерінің негізінде белгілі бір нақтылық дәрежесімен бұқаралық әрекет туралы болжам жасалады.


Жаппай сауалнама шеңберінде ақпарат жинау респонденттердің мекен-жайы (пәтерлік сұрақ) немесе оқу/жұмыс орны (жедел іздеу мен мақсаттылы топқа неғұрлым жақын болу үшін) бойынша жүргізіледі. Жаппай сауалнаманың артықшылығы ұзақ интервью жүргізуге және интервьюерлердің жұмысын бақылаудың жеңілдігіне негізделеді. Пәтерлік сұрау әдістің қиыншылықтарына респонденттердің сенімсіздігі мен байланысқа түсуден қашуы жатқызылады. Бұл қиыншылықтардың интервьюерлердің жоғары дәрежедегі біліктілігінен еңсерілетінін атап өтейік. Аталмыш қағида бойынша құралған сауалнама бірнеше кезеңнен тұрады. Интервьюер жоба супервайзерлерінің инструкцияларына сай жүреді. Бұл жағдайда олардың қолындағы бағыт парақшаларына сауалнаманың мерзімі, уақыты, мекен-жайы, интервью саны, сәтті немесе сәтсіз кездесулер, респонденттердің байланыс телефондары жазылуы тиіс.

II. Жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл күйлері

2.1 Өмір сүру деңгейімен қанағаттану

Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері бойынша жастардың өмірге қанағаттану деңгейі жоғары. Мысалға, сұралған жастар арасындағы өміріне толық қанағаттанғандардың үлесі 38,5% (негізгі топ), ал NEET жастар санатының арасында бұл көрсеткіш 42,1% құрайды. Жастардың негізгі тобы арасындағы қанағаттанған және дәлірегі қанағаттанғандардың үлесі 83%, ал NEET тобында – 75,6% құрайды (диаграмма 1).

Диаграмма 1. «Сіз өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының іріктелуі (%)



Сұралған респонденттер неғұрлым жас болған сайын өміріне қанағаттану деңгейі соғұрлым жоғары болып келетінін атап өтейік. Кәмелетке толғанға дейін жастар әдетте ата анасының қамқорында жүреді, ал мұндай жағдайда олардың жауапкершілігі төмен болып келеді. Ал, егде жастағы жастар тобы мәселелерінді өздігінен шешуге мәжбүр болады (кесте 1).

Кесте 1. «Сіз өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының іріктелуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Толығымен қанағаттанамын	45,3	37,9	34,6
Дәлірегі қанағаттанамын	42,3	43,6	46,7
Дәлірегі қанағаттанбаймын	6,7	12,0	12,9
Толығымен қанағаттанбаймын	1,4	1,1	1,5
Жауап беруге қиналамын	4,3	5,4	4,4

Қанағаттану деңгейі бойынша түрлі ұлт өкілдерінің арасында ерекшеліктер байқалады. Мәселен, сұралған қазақ жастары және басқа ұлт өкілдері орыс жастарына қарағанда (жалпы көрсеткіш 78,1%) өз өмірлеріне көбірек қанағаттанады (жалпы көрсеткіш 84,3% және 85,7% сәйкесінше) (кесте 2).


Кесте 2. «Сіз өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының іріктелуі (ұлт белгілері бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Толығымен қанағаттанамын	41,4	29,6	38,1
Дәлірегі қанағаттанамын	42,9	48,5	47,6
Дәлірегі қанағаттанбаймын	9,7	15,6	8,9
Толығымен қанағаттанбаймын	1,2	1,5	1,8
Жауап беруге қиналамын	4,7	4,8	3,6

Жергілікті орындардағы сұралған жастардың негізгі санаты өз өмірлерін жоғары бағалайды, алайда, елді мекеннің дамуына толық қанағаттанғандардың үлесі бірдей (жалпы жастар – 21,9%, NEET санаты – 21,3%).

Қосынды мәліметтерді салыстыратын болсақ (толық қанағаттанған және дәлірегі қанағаттанған), онда жастардың негізгі тобының арасындағы қанағаттанғандардың үлесі (72%) NEET санатына (62,9%) қарағанда жоғары болып келеді (диаграмма 2).

Диаграмма 2. «Өз елді мекеніңіздің жалпы даму деңгейіне қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сонымен, жергілікті орындардағы жағдайға көңілі толмайтындардың үлесі NEET арасында 32% жетеді, яғни әрбір үшінші респондент өзінің тұрып жатқан жерінің жағдайына көңілі толмайды. Жалпы алғанда барлық сұралғандар бойынша бұл көрсеткіш 24,6% құрады.


Жергілікті деңгейде жастардың әлеуметтенуі мен толықтай өзін өзі жетілуі үшін жағдай жасалмаған. Сол елді мекендерде жасалған жағдай кәсіби өсу үшін артығымен жеткілікті деп санайтындардың үлесі 15,9% құраса, NEET арасында 9,6% құрайды.

Сол елді мекендерде жасалған жағдай кәсіби өсу мен өмір сүру үшін шамамен жеткілікті деп санайтындардың үлесі 33,1% құраса, NEET арасында 24,9% құрайды.

Сонымен, орташа есеппен алғанда теріс және қалыпты бағалаулардың балансы 47,4% және 49% құраса, онда NEET тобындағы теріс бағалаулар қалыптыға қарағанда екі есе басым болып келеді – 61,4% және 34,5% (диаграмма 3).

NEET – бұл масылдықты жөн көретін ата анасының қарауындағы өз өзін күтіп қалған жасөспірімдердің санаты емес. Ол белгілі бір жағдайлардың негізінде қалыптасқан мәжбүрлеуші рөл болып табылады.

Диаграмма 3. «Сіздің ойыңызша, өзіңіз тұрып жатқан елді мекенде жастардың кәсіби өсуі мен өмір сүруі үшін жағдайлар жеткілікті жасалған ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)




Оған қоса, мұндағы тұрақтандырушы фактор мен прогресс элементі жастардың өз ата анасының өмірімен салыстырғанда өз күшіне сеніп, одан да жақсырақ тұратындарына үміттенуі болып табылады. Негізгі санаттағы сұралған жастар өз ата аналарына қарағанда жақсы тұрамыз деп үміттенеді – 44,2%, NEET тобында бұл көрсеткіш төменірек – 38,6%.

Негізгі топтағы жастардың 73,2% өз өмірлерін жақсартамыз немесе сәл де болсын жақсартамыз деп сенсе, NEET тобында бұл көрсеткіш 66,5% құрайды. Мемлекет басшылығының стратегиялық ойларын іске асыру мен дамытудың бірден бір ресурсы өзінің жарқын болашағына сенетін жастар болып табылады.

Сонымен қатар, ата анасының өмірімен салыстырғанда өз өмірлері жақсы жаққа өзгермейді деп ойлағандардың деңгейі де жоғары. Біріншіден, негізгі жастар санатындағы сұралғандардың 15,6% және NEET санатындағы сұралғандардың 16,2% өз өмірлері жақсармайды деп ойлайды. Екіншіден, ата анасының өмірлерімен салыстырғанда өз өмірлерінде сәтсіздіктер болады деп есептейтін негізгі жастардың үлесі – 1,9%, ал NEET арасында 3,5% құрайды. Оған қоса, жауап беруге қиналғандардың ұйғарымдары да түсініксіз – 9,3% негізгі жастар мен NEET санатындағы сұралғандардың 13,7% (диаграмма 4).

Диаграмма 4. «Қалай ойлайсыз, сіздің келешектегі өмір сүру деңгейіңіз ата анаңыздың өмірлерімен салыстырғанда қандай болмақ?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жас ерекшелігіне байланысты сауалнамаға қатысқан жастар ұстанымдырақ бола бастайды. Мысалға, зерттеу нәтижелері бойынша өскелең жастағы респонденттердің 48% өмір жақсарады деп үміттенсе, 19 дан 23 дейінгі жастар арасында бұл көрсеткіш 45,2%, ал 24 тен 29 жасқа дейін 41% құрай бастайды (кесте 3).

Кесте 3. «Қалай ойлайсыз, сіздің келешектегі өмір сүру деңгейіңіз ата анаңыздың өмірлерімен салыстырғанда қандай болмақ?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, в %)

	14 жастан 18 дейін	19 дан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Жақсарады	48,0	45,2	41,0
Шамамен жақсарады	25,0	31,6	29,6
Өзгермейді	16,9	12,2	17,4
Шамамен нашарлайды	0,8	1,3	1,3
Нашарлайды	0,2	0,5	1,2
Жауап беруге қиналамын	9,1	9,2	9,5

Зерттеу нәтижелері бойынша, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі қазақ жастарының үміттері зор екенін байқауға болады. Қазақ респонденттерінің арасында ата анасының өмірімен салыстырғанда өздерінікі айтарлықтай жақсарады деп сенетіндердің үлесі 45% құрады. Орыстардың арасында бұл көрсеткіш 37% құрайды. Өзге ұлт өкілдерінің арасында да бұл көрсеткіш жоғары болып келеді – 55,4% (кесте 4).

Кесте 4. «Қалай ойлайсыз, сіздің келешектегі өмір сүру деңгейіңіз ата анаңыздың өмірлерімен салыстырғанда қандай болмақ?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгілер бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Жақсарады	45,0	37,0	55,4
Шамамен жақсарады	29,9	31,6	15,5
Өзгермейді	14,8	18,4	15,5
Шамамен нашарлайды	0,8	2,0	1,8
Нашарлайды	0,5	1,0	1,8
Жауап беруге киналамын	9,0	9,9	10,1

Сұралған жастардың негізгі 11% және NEET санатындағы жастардың 15,2% тұрақты елді мекендерінен өзге елге көшіп кете алатындарын айтты.

Сонымен, қазақстандық жастардың шамамен бесінші бөлігі алдағы уақытта өз өмірлерінде жақсы өзгерістердің болатынына күмән білдіреді (кесте 5).

Кесте 5. «Сіздің басқа елге көшіп кету мүмкіндігіңіз болған жағдайда өз еліңізде қалар ма едіңіз әлде көшіп кетер ма едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Мен өз елімде қалар едім	54,2	52,3
Мен басқа елге белгілі бір уақытқа көшіп кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	30,2	27,9
Мен басқа елге көшіп кетер едім	11,0	15,2
Басқа	0,1	0,5
Жауап беруге киналамын	4,5	4,1

Жастардың шамамен үштен бір бөлігі, яғни жастардың негізгі санатының 30,2%, ал NEET санатындағы 27,9% белгілі бір уақытқа шетелге көшіп кетуге даяр екендерін айты.

Әрбір екінші жас адам мүмкіндік болған жағдайда да ешқайда кетпейтінін айтты.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша, респонденттердің жасы жастардың миграциялық көңіл күйлері мен елден кету ниеттеріне әсер тигізетіні анықталды. 14 тен 18 жасқа дейін және 19 дан 23 жасқа дейінгі әрбір жас адам үшін кез келген саяхат – пайда көзі мен ойын сауық. 14 тен 18 жасқа дейінгі жастар арасында басқа елге белгілі бір уақытқа кетіп қалудың көрсеткіші 32,3%, ал 19 дан 23 жасқа дейінгі жастардың арасында бұл көрсеткіш 32,1% құрады. Бұл оқып жүрген жастардың негізгі топтары болып табылады. 24 ден 29 жасқа дейінгі жастардың арасында мысалға, оқу немесе іс тәжірибе үшін баратындардың көрсеткіші 27,5% дейін түскен. Бұл өз кезегінде жастары үлкенірек осы топ жастарының өз білім алу қажеттіліктерін қағанаттандырғанның белгісі болып табылады. Енді олар кәсіби және мансаптық дамумен және отбасы құрумен айналысып келеді. Оған қоса, осы топтағы респонденттердің ішінде басқа елді тұрақты мекен қылу жоспары мен ниеттері пайда болуы мүмкін. Жасы 24 тен 29 дейінгі жастардың ішінде бұл көрсеткіш 12,1%, құраса, жасы кішірек топтардашамамен 10% құрайды (кесте 6).

Кесте 6. «Сіздің басқа елге көшіп кету мүмкіндігіңіз болған жағдайда өз еліңізде қалар ма едіңіз әлде көшіп кетер ма едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін
Мен өз елімде қалар едім	52,4	53,1	56,1
Мен басқа елге белгілі бір уақытқа көшіп кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	32,3	32,1	27,5
Мен басқа елге көшіп кетер едім	10,0	10,6	12,1
Басқа	-	0,2	-
Жауап беруге қиналамын	5,3	3,9	4,4

Респонденттердің ұлттық белгісіне қарай миграциялық көңіл күйлер әр түрлі болып келетіні анықталды. Қазақ жастары әдетте елден кетпейтіндерін білдіреді – 61,3%. Сауалнамаға қатысқан орыс ұлт жастарының арасында бұл көрсеткіш екі есе төмен (37,2%), ал, өзге ұлт топтары арасында бір ширекке төмен болып келеді (41,1%).

Орыс ұлт арасынан сұралған әрбір төртінші респондентің өзге елді тұрақты мекен қылуды жөн көретіні анықталды. Оларға өз кезегінде Ресеймен көршілес болу және шетелде білім алу мүмкіндіктері әсер етіп отыр.

Кесте 7. «Сіздің басқа елге көшіп кету мүмкіндігіңіз болған жағдайда өз еліңізде қалар ма едіңіз әлде көшіп кетер ма едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Мен өз елімде қалар едім	61,3	37,2	41,1
Мен басқа елге белгілі бір уақытқа көшіп кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	29,0	30,1	39,9
Мен басқа елге көшіп кетер едім	6,3	24,7	14,3
Басқа	3,5	7,9	4,8

Елден кеткісі келетін жастардың ең жоғарғы үлесі Ақмола облысында – 34,2%, Қарағанды облысында – 30,6% және Батыс Қазақстанның облыстарында – 22,6% шоғырланған. Олардың қатарына Ресеймен шекаралас – Қостанай (19,8%) және Солтүстік Қазақстан облыстары да кіреді (18,4%)

Керісінше, елде қалғысы келетіндердің көп бөлігі Қызылорда облысы – 95%, Оңтүстік Қазақстан – 71,8%, Шығыс Қазақстан – 70%, Ақтөбе – 64,8%, Атырау облыстарында – 63,1%, сонымен қатар Астана қаласында – 72,2% тұрады. Бұл жерде ерекше патриоттық психологиялық көңіл күйдің факторы ғана шешуші рөл атқарып тұрған жоқ. Оңтүстік аймақтарда кедейліктің жоғары деңгейі мен төмен табыстар тіркелген. Сол себептен шет елде білім алу жергілікті халықтың қолынан келе бермейді. Солтүстік аймақ жастары Ресейдің жоғары оқу орындарына түсудің жоғары мүмкіндіктеріне иеленеді, оған қоса, аймақтық ресейлік жоғары оқу орындары талапкерлерді тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп отыр (кесте 8).

Алматы қаласы бойынша сауалнамаға қатысқан жастар білім алу мақсатында шетелге уақытша кетіп қалу көңіл күйлері басым болып келеді – 57,1%.

Кесте 8. «Сіздің басқа елге көшіп кету мүмкіндігіңіз болған жағдайда өз еліңізде қалар ма едіңіз әлде көшіп кетер ма едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

Область	Мен өз елімде қалар едім	Мен басқа елге белгілі бір уақытқа көшіп кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	Мен басқа елге көшіп кетер едім
Ақмола	13,7	31,5	34,2
Ақтөбе	64,8	22,0	2,2
Алматы	60,8	30,9	6,7
Атырау	63,1	16,9	10,8
Шығыс Қазақстан	70,0	20,8	6,9
Жамбыл	41,5	50,9	5,7
Батыс Қазақстан	43,5	29,0	22,6
Қарағанды	23,9	38,8	30,6
Қостанай	38,4	36,0	19,8
Қызылорда	95,0	3,8	1,3
Маңғыстау	62,1	18,2	13,6
Павлодар	48,6	33,3	11,1
Солтүстік Қазақстан	55,1	22,4	18,4
Оңтүстік Қазақстан	71,8	23,0	4,5
Астана қ.	72,2	20,6	4,1
Алматы қ.	27,0	57,1	10,6

2.2 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеудің мәліметтері бойынша жастардың мәселелік қатары халықтың жалпы мәселелерінен қатты айырықшаланбайды – жоғары бағалар, төмен табыстар, жұмыссыздық мәселелері. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені, жастар қазақстанды қоғамның басым бөлігі болып табылады.

Зерттеу қорытындысы бойынша, әлеуметтік мәселелер жұмыс істейтін, оқитын немесе уақытша ешнәрсемен айналысып жүрмеген жастарға ортақ болып келеді. NEET санатындағы респонденттердің жалпы қатардағы жастарға қарағанда әлеуметтік мәселелердің өзектілігін жиі атайтынын белгілеп өту керек.

Ешнәрсемен айналыспайтын жастардың басып көпшілігі (NEET) жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселесін атап өтті (70,6%). Материалды қиыншылықтар да жастарды толғандырмай қоймайды (54,7% сұралған жастардың негізгі санаты арасында, және 55,8% NEET санаты арасында).

Өзекті мәселелердің тізіміндегі жоғары білім алу мәселесі төртінші және бесінші орындарды алып отыр. Негізгі санаттағы сұралғандардың 45,7%

жоғары білім алудағы қиыншылықтарды атап көтті. Бұл көрсеткіш NEET санаты арасында 43,1% құрады.

NEET санатынан сұраққа жауап берушілер әдетте азық түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарлардың тым қымбат екеніне (54,3%), баспана мәселесіне қатысты қаймығып (49,3%), ертеңгі күндеріне қатысты сенімсіздік білдірді (28,9%, негізгі санаттағы респондентер 19,6% бұл мәселені атап өткен болатын) (9 кесте).

Жастар баспана мәселелеріне көп ауырсына бермейді, алайда қаржылық қиыншылықтар мен жұмыссыздық мәселелері оларға тән болып келеді. Ол сонымен қатар туыстармен жанжалдардың пайда болуына да түрткі бола алады.

Кесте 9. «Өз елді мекеніңіздегі жастардың ең өзекті мәселелерін атап өтіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Материалды қиыншылықтар (төмен жалақы, стипендия және т.б.)	54,7	55,8
Жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселелері	53,2	70,6
Азық түлік пен халық тұтынатын тауарлардың қымбаттығы	46,9	54,3
Жоғары білім алудың қиыншылықтары (қымбаттығы)	45,7	43,1
Баспана мәселесі	43,3	49,7
Демалыс мәселесі, бос уақытты өткізетін жер жоқ	21,0	20,8
Ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарау	19,6	28,9
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың руханилықтан жат болуы	18,2	17,8
Жастар арасындағы қылмыс	16,1	12,2
Нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі	15,3	15,7
Денсаулықтың нашар деңгейі	12,5	6,6
Жастар ортасындағы діни экстремизм	11,6	10,7
Жеке өмірдің қалыптаспағандығы	9,8	10,2
Ата аналармен / аға буынмен жанжалдасу, туыстар мен жақындарыңды түсінбеу	9,8	6,6
Жеке қауіпсіздік қатері(көше бойын аралап жүру қорқынышты)	8,5	7,1
Жоғары жылдамдықтағы интернетке, сапалы мобильді байланысқа қол жеткізе алмау	4,9	3,0
Басқа (жеке істің ашылуы, неке қию сарайының болмауы, білім берудің төмен деңгейі)	1,5	1,0
Ешқандай мәселе мазаламайды	2,7	0,5
Жауап беруге киналамын	1,7	0,0

Сауалнамаға қатысушаларды толғандыратын мәселелер туралы айтатын болсақ, онда мәселелер рейтингісінің жалпы құрылымы оның алдындағы құрылым, жастардың елді мекендегі мәселелерін қайталап отыр.

NEET санатындағы сұралған жастардың жартысынан көп бөлігі жұмыспен қамту (57,4%) және қаржылық қиыншылықтар алаңдатады (53,8%)(кесте 10).

Сауалнамаға жауап берген жастардың көп бөлігі ҰБТ 13,5% мен емтихан тапысыруға (11,5%) қиналып жүр.

Кесте 10. «Өзіңді қандай мәселелер толғандыратынын айтыңызшы?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Қаржылық қиыншылықтар, ақшаның жетіспеушілігі	47,7	53,8
Жұмыспен қамтылудың, әсіресе мамандық бойынша жұмыс табудың мәселелері	34,4	57,4
Баспана мәселелері	24,6	23,9
Келешек мамандық таңдаудың қиыншылығы	14,4	10,7
ҰБТ тапсырудан қорқу	13,5	4,6
Жоғары оқу орнын таңдаудағы қиыншылықтар	13,4	12,7
Жоғары оқу орнына түсу емтихандарына дайындалу	11,5	5,1
Денсаулық мәселелері	9,5	9,6
Ата анамен, жақын туысқандармен түсініспеушілік, жанжалдасу	9,5	11,2
Достардың болмауы	7,3	7,6
<i>Басқа (соғыстан қорқамын, балабақшалардың сапасыздығы, университеттерде оқудың қымбаттылығы, өз өзімді жеңу, махаббат мәселелері, оқуды сәтті аяқтау, жұмыс бойынша көтерілу, өз бизнесімді көтеру, мұндай қиын жағдайда күн көру мәселесі, ертеңге күнге сенімсіздікпен қарау, өз балаларымның болашағы)</i>	1,5	-
Мені ешқандай мәселелер толғандырмайды	14,3	9,1
Жауап беруге қиналамын	1,7	2,5

Сауалнаманың нәтижелері бойынша, жастардың көп жағдайда өз мәселелерімен өздері айналысатындары анықталды. Жастардың 86-88% ата-ананың қамқорында жүрген адамдар. Ал жастардың 12% ешкімнің де тарабынан қамқоршылықты көріп отырған жоқ.

Жастардың шамамен 60% өз құрдастарының алды болып, назарына иеленіп жүр – бұл басқаша айтқанда, психологиялық көмектің бір түрі болып табылады.

Байланыс пен әрекеттесудің басқа каналдары тым әлсіз және назарға да іліне алмайды. Тек оқып жүрген жастар болмаса. Оларға неғұрлым көбірек көңіл бөлініп келеді. Осыдан NEET тобындағы жастардың ішінен жоғары оқу орны немесе мектептің қамқорын сезгендердің үлесі екі есе кем, ал өзінің кураторы мен класс жетекшісінің көңілі мен қамқорын сезінгендердің саны үш есе кем екені белгілі болып отыр.

Сонымен, жастарға деген қамқоршылық тек жақын туыстарынан ғана көрсетілетінін, немесе оның тек функционалды сипатқа иеленетінін байқауға болады. Жастардың жартысынан көбі қамқор мен қолдауды өз теңдестері мен құрдастарынан іздейтіні анықталды (кесте 11).


Кесте 11. «Ақырғы жарты жыл ішінде сіздің мәселелеріңізге көңіл бөлгендер бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Ата аналар, туыстар, жақындар	86,4	88,3
Достарым, курстастарым, әріптестерім	59,2	60,4
Мектеп директоры, жоо ректоры, ұйым жетекшісі	4,8	2,0
Сынып жетекшісі, топ кураторы	5,3	1,5
Жастар ресурстық орталығының өкілі	0,9	-
Діни ұйымның өкілі	1,4	-
Әкімдік, маслихат өкілі	0,9	2,0
Саяси партия, қоғамдық қозғалыстың өкілі	0,3	-
Үкіметтік емес ұйымның өкілі	0,2	-
Басқа (мәселе жоқ, полиция, военкомат)	0,7	1,5
Ешкім менің мәселелеріме көңіл бөлген жоқ	0,8	2,0
Жауап беруге қиналамын	4,7	3,6

2.3 Жастар арасында әлеуметтік шиеленістің себептері мен деңгейі

NEET санатынан сұралғандар өмірдегі үлкен қиыншылықтар мен әділетсіздіктерге ұрынғанымен, наразылық акциялары туралы көп айта бермейді. Жастардың негізгі санатынан сұралғандар наразылық акцияның болу ықтималдылығына қатысты алаңдаушылық сезімін білдіреді (10,9%) (диаграмма 5).

Диаграмма 5. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сауалнаманың нәтижелері бойынша көп жағдайда әлеуметтік шиеленіс туралы қазақ жастары айтады – 13,3%. Орыс және өзге ұлт өкілдері арасында бұл көрсеткіш 6% аспайды (кесте 12).

Кесте12. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Әрине	13,3	5,9	5,4
Дәлірегі иә	23,6	17,9	11,9
Дәлірегі жоқ	31,6	42,1	41,1
Жоқ	21,7	24,5	38,7
Жауап беруге қиналамын	9,8	9,7	3,0

Наразылық көңіл күй әсірін білдірген Батыс аймақтардан, оның ішінде Атырау (32,3%) және Батыс Қазақстан облыстарынан (11,3%) байқалады. Сонымен қатар Қызылорда (37,5%) және Оңтүстік Қазақстан облыстары (23,6%).

Алматы қаласында (16,9%) жоғарғы наразылық белгіленген.

Зерттеу қорытындысы бойынша, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары салыстырмалы түрде тыныш аймақтар (кесте13).

Кесте 13. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)

	Әрине	Дәлірегі иә	Дәлірегі жоқ	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	6,8	11,0	38,4	20,5	23,3
Ақтөбе	6,6	30,8	25,3	12,1	25,3
Алматы	3,1	13,4	43,3	31,4	8,8
Атырау	32,3	67,7	-	-	-
Шығыс Қазақстан	1,5	36,2	29,2	22,3	10,8
Жамбыл	3,8	9,4	73,6	10,4	2,8
Батыс Қазақстан	11,3	6,5	24,2	53,2	4,8
Қарағанды	1,5	13,4	60,4	10,4	14,2
Қостанай	2,3	14,0	36,0	44,2	3,5
Қызылорда	37,5	22,5	21,3	12,5	6,3
Маңғыстау	3,0	15,2	43,9	10,6	27,3
Павлодар	1,4	5,6	34,7	50,0	8,3
Солтүстік Қазақстан	2,0	4,1	46,9	44,9	2,0
Оңтүстік Қазақстан	23,6	18,8	22,0	35,0	0,6
Астана қ.	3,1	26,8	38,1	27,8	4,1
Алматы қ.	16,9	36,0	26,5	4,8	15,9

Зерттеудің мәліметтері бойынша негізгі топтағы сауалнамаға қатысқан жастардың пікіріне, ықтималды наразылық акцияларының себептері экономикалық мәселелер болуы мүмкін. Мысалға, жұмыстан шығарылуы мен жұмыстан қысқартылуы – 18,2%, жалақыны уақытында төлемей – 14,5%, негізделмеген айыппұлдар – 6,2%, несие пайызының жоғарылауы – 7,6%.

NEET санатындағы жастардың көбісі саяси тақырыптарға жиірек көңіл бөледі – мысалға, биліктің әрекеттеріне көңіл толмаушылық – 10,2%, қабылданып жатқан реформаларды қолдамау – шамамен 10,7%. Әрине, олар

үшін де айыппұлдар тарифінің өспеуі – 13,2% және азық түлік бағаларының көтерілмеуі маңызды – 13,1%.

Негізгі санаттағы (36,4%), және NEET санатындағы (36%) сұралғандардың үштен бір бөлігі оларды ашық наразылық танытуға ешнәрсе итермелейтінін айтты (кесте 14).

Кесте 14. «Қандай мәселе сізді ашық наразылық акциясына қатысуға мәжбүрлей алады» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Жұмыстан қысқартылу немесе шығарылу	18,2	15,2
Жалақыны, зейнетақыны, стипендиялар мен жәрдемақыларды кешіктіріп төлеу	14,5	12,7
Коммуналды қызмет көрсету тарифтерінің негізсіз өсуі	11,0	13,2
Азық түлік, ГСМ, дәрі дәрмектердің қымбаттауы	11,0	13,7
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	9,4	7,6
Билік әрекеттеріне көңіл толмаушылық	8,4	10,2
Ипотека бойынша төлемдердің өсуі	7,6	4,6
Медициналық мекеме қызметкерлерінің елеусіз әрекеттері	7,4	10,2
Мектеп, ЖОО, колледждағы мәселелер	7,2	6,6
Баспана мәселесі	6,9	6,1
Қабылданып жатқан реформаларды қолдамау	6,6	10,7
Негізделмеген айыппұлдар	6,2	4,6
Соттың әділетсіз шешімдері	4,4	5,1
Құқықтардың ұлттық белгі бойынша бұзылуы	2,9	3,0
Білім берудің төмен деңгейі	2,8	4,1
Басқа (<i>қауіпсіздіктің болмауы, жастар арасындағы қылмыс</i>)	0,4	1,0
Ешбір мәселе мені ашық наразылық танытуға мәжбүрлемейді	36,4	36,0
Жауап беруге қиналамын	13,2	10,2

Жастардың негізгі тобынан сұралғандардың көбісі өз мүдделерін қорғау үшін өркениетті бейбіт әдістерді қолданады. Мысалға, сұралғандардың 22,2% сотқа жүгінеді, 13,5% «Нұр Отан» партиясының қабылдауынан көмек сұрайды және 12,7% бұқаралық ақпарат құралдарына шағымданады (кесте 15).

Кесте 15. «Өз мүдделеріңізді қорғау үшін қандай әрекеттерге барар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Сотқа барам	22,2	16,3
«Нұр Отан» партиясының қабылдауына жүгінем	13,5	17,3
Газет, телевидение, радиоға шағымданамын	12,7	15,3
Мемлекеттік билік өкілдерінің қабылдауына барам	11,6	13,8
Бейбіт демонстрацияға қатысамын	9,4	11,2
Жұмыс пен оқуға бармай қоямын	7,8	4,1
Аштық жариялаймын	3,2	1,0
Наразылық акциясына қатысамын	2,7	2,0
«Нұр Отаннан» басқа кез келген саяси партияға барам	1,6	0,5
Жолдар мен тасжолдарды жабуға қатысамын	1,5	1,5
Парақшалар мен прокламацияларды таратамын	0,6	2,0
Басқа (ата анама жүгінем, өзіміз шешімін табамыз, интернет талқылауға қатысамыз, көпшіліктің күнін көреміз, жоғарыда аталғандардың біреуін де істемеймін, көнемін)	0,7	-
Еш нәрсе жасамаймын	28,5	33,7
Жауап беруге қиналамын	13,2	12,2

2.4 Жемқорлық деңгейін бағалау

Әлеуметтік лифтілердің жұмысында жемқорлық ең күшті тежегіштердің бірі болып табылады. Ал жастар жемқорлықты әртүрлі мағынада түсінуі мүмкін. Және де оны көбісі саяси және құқықтық тұрғыдан емес, ал ұран ретінде түсініп, өмірден тиісті орын алу мақсатында белсенді әрекеттерінің ақтаушы уәждемесі ретінде түсінеді.


Сұралған жастардың 33,9% жемқорлық олардың елді мекендерінде қарқынды таралған деп ойлайды. Сұралғандардың үштен бір бөлігі (34,7%) жемқорлықтың аз таралғанын айтты (диаграмма 6).

Негізгі санаттағы жастардың 4,7% жемқорлық мүлдем көрініс таппайды деп жауап қайтарды.

Сонымен, сұралғандардың басым көпшілігі (68,6%) аймақтардағы жемқорлықтың бар екенін растады.

NEET санатынан сұралғандардың жауаптарынан дәл осындай жағдайды байқауға болады. Жұмыспен қамтылмаған жастардың 75,1% жемқорлықтың белгілі бір дәрежеде аймақта таралғанын айтты.

Диаграмма 6. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)




Зерттеудің нәтижелері бойынша, егде жастағы жастар тобы жемқорлық мәселесін жиірек қозғайды. Мәселен, жастары 14 және 18 аралығындағы жастардың 28,5% жемқорлықтың кеңінен таралғанын айтса, онда 19 және 23 жастары арасында бұл көрсеткіш 36,1%, ал 24 және 29 жастардағылардың арасында 35,8% құрады (кесте 16).

Кесте 16. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жасан 18 дейін	19 жасан 23 дейін	24 жасан 29 дейін
Кең таралған	28,5	36,1	35,8
Шамамен таралған	32,9	35,5	35,1
Таралмаған	8,1	8,3	9,4
Мүлдем жоқ	5,3	4,7	4,4
Жауап беруге қиналамын	25,2	15,4	15,3


Негізгі топ пен NEET санатындағы жастар жемқорлықпен күресудің мемлекеттік шаралар тиімділігін әртүрлі мағынада бағалайды. Мәселен, негізгі санаттағы жастардың 22,7% мемлекеттің жемқорлықпен күресудің шараларын тиімді деп санайды. NEET санатында бұл көрсеткіш 16,8% құрайды. Негізгі санаттағы жастардың 55,2% және NEET санатындағы сұралғандардың 70,5% жемқорлықпен күресу шараларының тиімсіздігін атап өтті (диаграмма 7).

Диаграмма 7. «Мемлекеттің жемқорлыққа қарсы қолданатын шараларын қалай бағалар едіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сұралған жастардың төрттен бір бөлігі ақырғы алты ай ішінде жемқорлыққа тап болғандарын айтты (26%) (диаграмма 8).

Диаграмма 8. «Ақырғы алты ай ішінде жемқорлыққа тап болған жағдайыңыз болды ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)




Кесте17. «Ақырғы алты ай ішінде жемқорлыққа тап болған жағдайыңыз болды ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Иә	22,2	27,6	27,3
Жоқ	68,5	65,7	63,8
Жауап беруге қиналамын	9,3	6,6	8,9

NEET санатындағы респонденттердің шамамен 51% және NEET санатындағы сұралғандардың 41% жемқорлыққа қарсы жағдайдың өзгемергенін айтты. Тек жастардың үштен бір бөлігі мен NEET санатындағы

жастардың төрттен бір бөлігі ғана жемқорлыққа қарсы жүргізілетін жұмыста өзгерістер болып жатқанын айтты (диаграмма 9).

Диаграмма 9. «Сіздің ойыңызша, тұрып жатқан жеріңізде жемқорлық пайда болғалы бері ақырғы жыл ішінде жағдай өзгерді ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жастардың түсінігіндегі жемқорлық пара алуды төмендетуге бағдарланған техникалық әсер емес. Бұл еркіндік пен бастамаларға шектеу қоятын, белгілі бір идеяларды іске асырудағы тежегіш тетік болып табылады. Жас адамдарға «Алдымен экономика, кейін саясат» деген формуланы түсіну қиынға соғады. Ересектерге бұл қағида түсінікті – экономикалық әлеует пен бизнест өсіре отырып, демократияның өздігінен дамуына мүмкіндік береміз. Жастар үшін экономикалық және іскерлік бәлсенділік таңдау еркіндігінен басталады.

Бөлім бойынша қорытынды

(1) Жастар арасында өмірмен қанағаттану деңгейі жоғары. Негізгі топтан сұралған жастардың ішінен қанағаттанған және дәлірегі қанағаттанғандардың саны – 83%, NEET санатында – 75,6% құрайды.

(2) Жергілікті деңгейде респонденттердің жағдайы ондай жайлы емес, соның есебінен, сұралғандардың арасында тұрғылықты жерлердегі жағдайға қанағаттану деңгейі төмен болып келеді. Оған қоса, респонденттердің жалпы елдегі жағдайды қалай түсінетіні мен тұрғылықты жерлердегі шынайы қалыптасқан жағдайдың арасында белгілі бір айырмашылық бар.

(3) Сұралғандардың тек кішігірім бөлігі – 10 дан 16% дейін өздерінің тұрғылықты жерлерінен алға өрлеу мен мансаптық көтерілу мүмкіндіктерін көріп отыр.

(4) Экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, қарқынды дамушы әлеуметтік үлгі сақталып отыр. Бұл жағдайда алдымыздағы ұрпақ, жастар өз ата аналарына қарағанда жақсы өмір сүретініне сенімді болып келеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік оптимизм мен ертеңгі күнге деген сенімділікті

қалыптастырады. Жастардың 73% және NEET санатындағы адамдардың 66,4% өмірлері жақсарады деген ойда.

(5) Жастардың негізгі бөлігі өз өмірлерін ел ішінде сүріп, басқа елген кетпейтіндерін білдірді. Алайда, жастардың миграциялық әлеуеті де жоғары болып келеді. Мысалға, жастардың 11% дан 15% дейінгі үлесі елден кетуге дайын. Әрбір үшінші респондент білім алу немесе басқа мақсаттармен өзге елге белгілі бір уақытқа кетуге дайын екендерін айтты.

(6) Жастар, әсіресе жасы кішіректер, жұмыспен қамтылу мәселелеріне тап болады. Жастардың 70% дейінгі үлесі жұмыссыздық мәселесін бастарынан кешірген. Ал бұл көрсеткіш жас ұлғайған сайын қысқарып, жастардың кәсіпкерлігін өзектендіре түседі.

(7) Қазақстандағы жастар білім беру мәселелерін, жұмыспен қамтылу және белсенді өмір салтының сұрақтарын шешуде жеткілікті түрде белсенді болып келеді. Масылдық деңгей, яғни ата ананың қамқорлығына толықтай тәуелді болу NEET санатындағы сұралғандардың 20% үлесіне тән қасиет болып келеді.

(8) Жастар мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл мен қамқорлықта көріп отырған жоқ. Жастардың мәселелері әдетте оқытушылардың құзырында, олар өз қол астындағы адамдарына жауапты болып табылады. Ата аналар ұзақ уақыт бойы балалар өмірінің басты қозғаушы күші болып табылады.

(9) Жастар наразылыққа бейім топ болып табылады. Оның себептері еңбек нарығындағы әлсіздік, саяси мақсаттар мен реформаларды түсінбеушілік болып табылады. Жастар арасындағы ықтималды наразылықтың деңгейі 11% жетеді. Бұл әлеуетті іске асыру жастардың өздерінің соңынан ерте алатын лидерлерге байланысты болып келеді.

(10) Жемқорлық – ең басты тежегіштердің бірі болып табылады. Жастар бұл ұғымды құзырды асыра пайдалану мен пара алудан гөрі тереңірек түсінеді. Жастар үшін жемқорлық – бұл ұран, күресудің уәждемелік тетігі немесе кер уәждемелегі болып табылады.

(11) Жастар мен халық арасындағы билікке деген жоғары сенім қазақстандықтардың билікке деген ниеттестігінің көрінісі болып табылады.

(12) Бүгінгі таңдағы жастардың мәселесі – бұл «үлкен ағалардың» синдромы болып табылады. Тәуелсіздікке 25 жыл толды, 21 ғасырдың тоғысында туылған жас адамдардың ұрпағы өсіп келеді. Аға ұрпақтың көптеген үміттері іске асырылмаған еді. Жастары кішіректер басқаша жүргісі келеді, сол себептен әлеуметтік стратегиялар мен әрекеттер өзгеріп жатыр.

(14) Әрбір төртінші адам жемқорлық мәселесін басынан кешірді. Осы орайда бұл жағдай респонденттердің көбісі үшін бірдей болып табылады. Бұл өз кезегінде жастардың қалпы мен олардың орны әлсіз болып келетінін білдіреді. Жастар саясаттың объектісі мен құралы болып қана қоймай, мемлекеттік бағдарламалар мен даму басымдықтарын қалыптастырушы субъектісі болғысы келеді.

III. Жастардың білімі мен жұмыспен қамтылуы

3.1 Жастар арасында кәсіби өсу және жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін бағалау

Зерттеу нәтижелері бойынша NEET санатындағы респонденттер жетістікке қол жеткізіп, мансаптық саты бойынша көтерілуге болатын критерийлерді басымырақ бағалайды. Мысалға, осы санаттағы сұралғандардың басым бөлігі өмірде жетістікке жету үшін жақсы білім алу керектігін айтты (73,1%). NEET санатындағы сұралғандардың жартысы (49,7%) мансаптық өсім үшін жоғары квалификация мен кәсіби дайындықты атап өтті.

Негізгі топтағы респонденттердің 28,0% және NEET санатындағы сұралғандардың 28,9% тілдік дайындықтың маңыздылығын бірдей бағалайды. Респонденттердің пікірі бойынша үш тілді білу мамандардың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай жоғарылатады.

Ата анан әл-ауқатты және заңды жеткілікті білуді NEET санатындағы жастар 23,4% және 28,9% көрсеткішпен бағалайды (кесте 18).

Кесте 18. «Сіздің ойыңызша, жастардың жетістікке жетуі мен мансаптық өсімі үшін не қажет?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Білімді болу	67,8	73,1
Жоғары квалификация мен кәсіби даярлыққа иелену	46,0	49,7
Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу	28,0	28,9
Керекті байланыстар мен таныстарға иелену	24,1	26,4
Заңды жақсы деңгейде білу	22,6	28,9
Ата ананың бай болуы	19,6	23,4
Дарындылық пен ерекше қабілеттерге иелену	15,2	12,7
Қазақ тілін білу	7,8	9,1
Жолы болғыш адам болу керек	7,8	7,1
Қазақ және орыс тілдерін білу	7,7	2,0
Тартымды және сүйкімді болу	7,2	4,1
Физиологиялық күшке иелену	3,8	1,0
Сәтті тұрмысқа шығу немесе үйлену	3,2	5,1
Басқа (жетістікке жетуді қалау, еңбекқор болу, баспанаға иелену)	0,6	1,0
Жауап беруге қиналамын	1,1	,5

Дарындылық жастар кәсіби тұрғыдан өскен сайын маңызды құрамдасқа айнала бастайды. Дегенмен, еңбек нарығында сақталынып қалу үшін байланыстар, бастапқы итермелеуші күш болуы тиіс. Ол болмаған жағдайда алғашқы кіру қадамдарына көп энергия кетіру керек болады. Сәйкесінше, көптеген дарынды жас мамандар алғашқы бейімделудің техникалық сұрақтарына қымбат уақыттары мен энергияларын жұмсайды. Мысалға, Сингапурда арнайы «SPRING» бағдарламасы бар, ол өз кезегінде дарынды адамдарды іздеп, өсіріп, оларды ғылым мен жоғары технологиялық бизнестің «киттары» қылуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жастардың жұмыссыздық деңгейі елдегі орташа жұмыссыздыққа қарағанда төмен болып келеді. Бірақ, өскелең жастағы топ арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары болып келді. Ол өз кезегінде қылмыстан бастап әлеуметтік эксклюзияға дейінгі мәселелердің бірқатарын қалыптастыру мүмкін.

Түлектердің басқа мәселесі – бұл жұмыс орындарының жетіспеушілігі. Жоғары білімі бар мамандар тым көп. Жүйе қарқынды жұмыс істеп, жаңа технологиялық бағыттағы мамандарды шығарғанымен, елде техникалық мамандар, яғни электриктер мен сантехниктер жетіспейді. Нәтижесінде Қазақстанда тиісті жұмыс таппаған шетел түлектері шетелге қайта кетіп жатыр. Оған қоса, ауылды елді мекенде жұмыс істейтін мамандар да керек. Ал олар қалаға кетуге тырысады.

Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері көрсетіп отырғандай, NEET санатындағы сұралғандардың жартысы тұрғылықты елді мекенде жұмыс орындарының жетіспейтінін айтты (46,7%). Жұмыс орындарының шектеулілігі жемқорлықтың өсіміне түрткі болады. Бұны NEET санатындағы сұралғандардың 35% белгілеп өтті (кесте 19).

Аз төленетін жұмыстар ғана қалған. NEET УП сұралғандарының 38,6% жалақы төмен болғандықтан жұмысқа кіргісі келмейтіндерін айтты.

Кесте 19. «Сіздің ойыңызша, өз тұрғылықты жеріңіздегі жастардың жұмыспен қамтылуына не кедергі келтіріп отыр?» (%)

	Барлық жастар	NEET
Жұмыс тәжірибесінің жоқтығы	52,8	54,3
Аз жалақы	38,5	38,6
Тұрғылықты жерде жұмыс орындарының жоқтығы	34,0	46,7
Білім деңгейінің вакансиялық орынның функционалдық талаптарына сай келмеуі	27,3	22,3
Жұмыс берушілердің паракорлығы мен жемқорлығы	26,8	35,0
Низкая конкурентоспособность молодых специалистов на рынке труда	24,2	21,8
Ұлттық белгі бойынша дискриминациялау	6,3	2,0
Денсаулықтың жағдайы	5,3	4,1
Жас мамандардың жоғары мақсаттары	5,3	6,6
Жыныстық белгі бойынша дискриминациялау	4,9	3,0
Кішкентай баланың болуы	3,4	5,1
Ешқандай кедергілер жоқ	4,8	1,0
Басқа (жастардың жұмыс істегісі келмейтіндері, Ақтөбедегі терроризм, жастар құқықтарының қорғалмауы, баспаналық мәселе)	0,3	-
Жауап беруге қиналамын	3,3	3,0

Және осыдан кейін жастардың алған білімі мен еңбек вакансияларының арасында сәйкессіздіктер мәселесі туындап, жұмыс іздеп жүргендердің әлсіз бәсекелестігі қалыптасады.

Қазақстанда жастарға арналған еңбек нарығын жайлы қылу керек. Мәселе білім беруде емес, ал түлектер үшін жеке жұмыс орындарын құрып қана қоймай, ал индустрияларды қалыптасу керектігіне негізделеді. Болашақ

түлектер жоғары оқу орынның бірінші курсына түскен кезде қайда барып жұмыс істейтіндерін білу керек.


3.2 Білім беру реформаларын қолдаудың деңгейі

Білім берудегі реформалардың халық арасында наразылық тудыратыны бәріне мәлім. Олардың қатарында жастар да бар.

Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері көрсетіп отырғандай, сұралған жастардың 21% он екі жылдық оқуға өтуді қолдап отыр. Қолдаудың жалпы көрсеткіші сұралғандардың 37,1% құрап отыр.


Жастардың негізгі санатынан сұралғандардың 58,6% және NEET санатындағы сұралғандардың 65% он екі жылдыққа өтуді қолдамайды (диаграмма 10).

Диаграмма 10. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: 12-ЖЫЛДЫҚ ОҚУҒА КӨШУ (%)




Бес күндік оқу форматына жастар түсіністікпен қарайды. Негізгі санаттағы сауалнамаға қатысушылардың 61,2% және NEET санатындағы 67% бұл реформаны қолдап отыр. Соған қарағанда жастар бес күндікті қолдағанымен, оқу жылының ұзаруы алаңдатады (диаграмма 11).

Диаграмма 11. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: МЕКТЕПТЕРДЕ БЕС КҮНДІК ОҚЫТУҒА КӨШУ (%)




Оқу жылын маусымға дейін созыру реформасын респонденттердің төрттен бір бөлігі мен NEET санатындағы жастардың 20,3% ғана қолдады (диаграмма 12).

Диаграмма 12. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ОҚУ ЖЫЛЫН МАУСЫМҒА ДЕЙІН ҰЗARTY (%)




Пәндердің бірқатарын (информатика, химия, физика, биология) үш тілде оқыту мәселесіне қатысты көзқарастар екі тарапқа бөлінді. Негізгі жастардың жартысы (49,1%) бұл жаңа бағдарламаны қолдаса, онда бұл көрсеткіш NEET санатындағы жастардың арасында 52,3% құрады.

Диаграмма 13. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: КЕЙБІР ПӘНДЕРДІ (ИНФОРМАТИКА, ХИМИЯ, ФИЗИКА, БИОЛОГИЯ) ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУ (%)




Жастардың 27,1% Қазақстан тарихын қазақ тілде оқытуды толығымен қолдап отыр. NEET санатында бұл көрсеткіш 34% құрайды.

Диаграмма 14. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: 7 СЫНЫПТАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ҚАЗАҚ ТІЛДЕ ОҚЫТУ (%)




Дүниежүзі тарихын орыс тілінде жүргізу ұсынысын жастардың 56,4% және NEET санатынан сұралғандарының 55,9% қолдайды.

Диаграмма 15. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫН ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ (%)



Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, респонденттендің көбісі жоғары сыныптарда пәндердің бірқатарын (информатика, химия, биология және физика) ағылшын тілінде жүргізуін қолдамайды. Мысалға, сұралған жастардың 59,2% білім беру жүйесіндегі бұл өзгерісті қолдамайды немесе дәлірегі қолдамайды. NEET санатының ішінде бұл сұраққа кері жауап бергендердің көрсеткіші 57,3% құрайды.


Диаграмма 16. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА БІРҚАТАР ПӘНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗУ (%)



Сауалнамаға қатысқан жастардың көбісі сабақтардың көп бөлігінің ағылшын тілінде жүргізілуін қалайды. Жастардың негізгі санатынан сұралғандардың 65,9% аптасына ағылшын тілінің бір сағатқа ұлғаюын қолдаса, бұл көрсеткіш NEET санаты арасында 67,5% құрайды (диаграмма 17).

Білім беру жүйесінде ағылшын тілін дамыта отырып, қазақ тілін ұмытпау керектігін білу керек. Қазақ тілінің өзінен мықты тілдерімен басылып қалу қаупі бар.

Диаграмма 17. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІНІҢ БІР САҒАТҚА ҰЛҒАЮЫ (%)



Сұралған жастардың 32,7% ағылшын тілін ҰБТ ендіруді қолдады. Сұралғандардың жартысы (58,8%) бұл өзгерісті қолдаудан бас тартты (диаграмма 18)

Диаграмма 18. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ҰБТ ТАПСЫРУДЫҢ ТІЗІМІНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚОСУ (%)




Диаграмма 19. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ҰБТ ФОРМАТЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ (%)





Диаграмма 20. «Білім беру жүйесіндегі қандай өзгерістермен келісесіз және келіспейсіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы: ҰБТ ҚАЙТАЛАП ТАПСЫРУДЫҢ МҮМКІНДІГІ (%)



Сауалнаманың нәтижелеріне қарайтын болсақ, онда жастардың арасында реформаларға тойтарыс берудің әрекеттері байқалады. Реформаларды орындаушыларға сенімсіздік тағы да бір мәселе болып табылады. Білім беру жүйесіндегі реформалар ұқыптылықты және халықтың оларға бейімделе алуын талап етеді. Білім беру – өте сезімтал жүйе, өйткені, оқытушы, оқушы мен ата-аналар сияқты үлкен мақсатты топты қамтып отыр.

3.3 Білім беру сапасымен қанағаттану

Жастар білім беру саласында көрсетіліп жатқан қызметтерге көңілдері толғанымен, бұл дәреже біздің жүйеміздегі білім беру деңгейінің жоғарылауына байланысты кері пропорцияда.

Мысалға, респонденттердің басым көпшілігі мектепалды білім беруге көңілдері толған немесе дәлірегі көңілдері толған – 85,6%.

Жалпы орта білімге қатысты бұл көрсеткіш 83,1% құрап отыр.

Халық, оның ішінде жас ата-аналар үшін балабақшалар мен олардағы бос орындардың болғаны да жақсы. Мәселе, мектептерде. Қазіргі таңда баланы мектепке орналастыру оңай емес. Кейбір мектептерде бірінші сыныптағылар үшін бұрын соңды болмаған тестілер жүргізіледі. Бұл мектептердің сапасы мен контингенттің дербестілігі бойынша дифференциация жүретін объективті шынайылық болып табылады. Осылайша жасырынды сегрегация жүреді (кесте 20).

Мектептен кейінгі білім беру туралы айтатын болсақ, онда мұндағы білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі едәуір төмендеген. Мысалға, респонденттердің 65,7% техникалық және кәсіби білім берудің қызметтеріне көңілдері толады. Сауалнамаға қатысушылар 54,6% жоғары оқу орындардағы білім берумен қанағаттанған. Оған қоса, жоғары оқу орнының сапасын бағалауда жауап беруге қиналған респонденттердің үлесі көбейген (21,5%).

Кесте 20. «Сіз алған немесе алып жатқан білімнің сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Толығымен көңілім толады	Ішінара көңілім толады	Көңілім толмайды	Білім беру сапасы туралы ешнәрсе білмеймін	Жауап беруге қиналамын
Мектеп алды					
Негізгі санат	53,9	31,7	4,1	4,7	5,5
NEET	57,9	27,4	5,1	6,6	3,0
Жалпы орта					
Негізгі санат	45,9	43,2	6,5	1,2	3,2
NEET	43,1	43,7	10,2	1,0	2,0
Техникалық және кәсіби					
Негізгі санат	29,9	35,8	7,3	10,6	16,4
NEET	31,0	37,1	7,1	9,1	15,7
Жоғары					
Негізгі санат	27,0	27,6	7,3	16,5	21,5
NEET	20,8	28,9	4,6	22,3	23,4

Бөлім бойынша қорытынды

(1) Сауалнаманың нәтижелері бойынша жастар саясатының білім берумен байланысты деген қате ой пікір қалыптасқанын көруге болады. Жастар саясаты көбінесе жұмыспен қамтылу және кәсіби бағдарлармен байланысты болып келеді. Осы орайда Үкіметтің саясаты жалпықамтушылық сипатқа иелегіп, жастардың жағдайымен байланысты түрлі секторлар мен қабаттарды реттестіріп отыру керек. жастар саясаты мемлекеттің әлеуметтік масылдығының бір бөлігі болуының орнына экономикалық даму үрдістеріне жаңа импульстар беріп отыруы тиіс.

(2) Жастардың үш тілді енгізу, ағылшын тілін ендіру, қазақ тілін нығайту мен орыс тілін сақтау концепцияларын іске асырудың жетекші драйвері болуы тиіс екенін атап өту керек. Жастар үш тілді білу әлеуетінен бәсекеге қабілеттіліктің негізін көріп отыр.

(3) Жастар саясаты жаңа жұмыс орындарын ғана емес, ал жаңа экономиканы құрудың, жаңа технологиялық салтқа өту стратегиясы рөлін атқаруы тиіс. Жоғары деңгейдегі мамандарды даярлап шығару жеткіліксіз, олардың өз орындарын табуына үлес қосу керек. Қазақстандық жас мамандар өзге елдер үшін мамандарды даярлап шығарушылар болмауы тиіс.

(4) Жастар білім беру саласындағы реформаларға ұстанымдылықпен қарайды. Бұдан аға буынды ұрпақтың ықпалы байқалады.

(5) Жастар арасындағы реформаларға кері қатынас келесі позициялармен белгіленген:

12-жылдық білімге көшу – респондентердің 58,6% дәлірегі қолдайды немесе қолдамайды;

Жоғары сыныптарда (информатика, химия, физика, биология) пәндерді ағылшын тілінде оқыту – 59,2%;

ҰБТ ағылшын тілін ендіру – 58,8%;

Оқу жылының ұзартылу – 70,2%.

Жастар бұл реформаларға қарсы, өйткені, оқу жүктемесінің ұлғаюын қаламайды. Білім беру индустриясы шығармашылық бағытта дамып, құзырлар мен бейімделу дағдыларын дамытуға бағдарлануы тиіс. Оқушылар, оқытушылар мен ата- аналар бұны көп жағдайда түсіне қоймайды.

(6) Жалпы, жастар білім беру жүйесіне оптимистік тұрғыдан қарайды. Сыни ойлар мен бағалар білім берудің деңгейімен өсіп келе жатыр. Мектепалды білім «олардың болғаны да дұрыс» көзқарасы тарапынан қабылданады. Өзіндік білім берушілік әлеуетті өсіру қажет.

IV. Мемлекеттік жастар саясатын бағалау

4.1 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттану деңгейі

Зерттеу нәтижелері бойынша теледидардың жастар арасындағы рөлі аға буынды ұрпақтың арасындағы орны сияқты айтарлықтай жоғары емес. Теледидар өз монополиясын жоғалтып отыр. Интернет теледидардың танымалдылығы өсіп келеді. Сұралған жастардың 55,7% Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғаларды республикалық телеарналар арқылы біліп отырады. Сұралған жастардың төрттен бір бөлігі жергілікті қазақстандық телеарналарды көрсе, 12,5% шетелдік телеарналарды көреді.

Респонденттердің үштен бір бөлігі (30,9%) қазақстандық интернет сайттарды пайдаланса, 16,2% шетелдік интернет сайттарды қолданады. Сонымен, сауалнамаға қатысқан жастардың шамамен жартысы (47,1%) Интернет ресурстарды пайдаланады (кесте 21).

Кесте 21. «Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғаларды білу үшін ақпараттың қандай көздерін пайдаланасыз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Қазақстандық республикалық телеарналар	55,7	57,9
Қазақстандық интернет сайттар (ТВ, радио, жаңалықтың қайнар көздері)	30,9	38,6
Әлеуметтік желілер, блогтар	26,1	23,9
Қазақстандық жергілікті телеарналар	25,0	28,9
Радио	18,1	18,3
Жақын орта (туыстар, жақындар, достар)	17,0	17,3
Шетелдік интернет сайттар	16,2	16,8
Шетелдік телеарналар (оның ішінде ресейлік)	12,5	14,7
Қазақстандық республикалық басылымдар (газет, журналдар)	10,9	3,6
Қазақстандық жергілікті басылымдар (газет, журналдар)	5,9	5,6
Шетелдік басылымдар (газет, журналдар)	2,6	2,0
Танымал мәртебелі адамдармен кездесу	0,6	-
Жастар ресурстық орталықтарының өкілдерімен кездесу	0,7	-
Басқа	0,0	0,5
Жаңалықтарға қызықпаймын	0,7	0,5
Жауап беруге қиналамын	2,9	1,5

Әрбір төртінші респондент жаңалықтарды әлеуметтік желілерден біліп отырады (26,1%).

Дәстүрлі басылымды БАҚ электронды БАҚ пен ысырылып шығуда. Мысалға, респонденттердің 10,9% республикалық басылымдарды оқыса, жергілікті қазақстандық газеттерді 5,9% ғана қолданады.

Жастар арасында радионың танымалдылығы едәуір жоғары екенін атап өтейік – 18,1%.

Тағы да бір ақпараттық канал ретінде туыстарды, таныстар мен достарды айтуға болады – сұралғандардың 17%.

Жас ерекшеліктері бойынша ақпараттық арналар келесідегідей қолданылады. Сұралғандардың жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым олар әлеуметтік желілерге жиі қатысады. Мысалға, 14 және 18 жас аралығындағы респонденттердің 29,3% әлеуметтік желілерді қолданады, 19 және 23 жас аралығында сауалнамаға қатысушылар 27,3% әлеуметтік желілерді пайдаланады, және 24 мен 29 арасындағылардың тек 23,2% пайдаланады.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша баспалы басылымдарды көбінесе 14 және 18 жас аралығындағы жастар оқиды, бұны өз кезегінде жаңа ұрпақтың оқу дәстүрін қайта жаңғыртар деген үміттің сигналы ретінде қабылдауға болады.

Теледидарды әдетте жасы үлкенірек топтар қолданады (кесте 22).

Кесте 22. «Қазақстандағы жаңалықтар мен оқиғаларды білу үшін ақпараттың қандай көздерін пайдаланасыз» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Қазақстандық республикалық телеарналар	53,5	55,5	57,4
Қазақстандық интернет сайттар (ТВ, радио, жаңалықтың қайнар көздері)	29,9	30,5	31,8
Әлеуметтік желілер, блогтар	29,3	27,3	23,2
Шетелдік интернет сайттар	16,7	18,0	14,6
Жақын орта (туыстар, жақындар, достар)	16,7	16,0	17,9
Қазақстандық жергілікті телеарналар	21,7	24,6	27,3
Радио	13,0	20,1	20,0
Қазақстандық республикалық басылымдар (газет, журналдар)	12,4	10,8	10,1
Шетелдік телеарналар (оның ішінде ресейлік)	11,6	13,5	12,5
Қазақстандық жергілікті басылымдар (газет, журналдар)	6,3	5,0	6,4
Шетелдік басылымдар (газет, журналдар)	3,5	1,8	2,7
Танымал мәртебелі адамдармен кездесу	0,6	0,7	0,5
Жастар ресурстық орталықтарының өкілдерімен кездесу	0,8	0,4	0,8
Жаңалықтарға қызықпаймын	1,2	0,9	0,3
Жауап беруге қиналамын	3,9	2,5	2,7

Қазақстанда ресейлік әлеуметтік желілер әзірше басым болып келеді. Респонденттердің басым бөлігі ВКонтакте (66,9%) желісінде парақшалары бар, Мой мир@mail.ru (31,5%) және Одноклассники (26%) желілеріне тіркелген.

Instagram (39%) және Facebook (28,9%) сияқты шетелдік желілер ресейліктерден қалыс емес.

Жастардың арасында WhatsApp сияқты мессенджердің пайдалану қарқыны өсіп келе жатқанын айту керек. Соңғы оқиғалар көрсетіп отырғандай, WhatsApp өте тиімді ақпараттық арна болып табылады (кесте 23).


Кесте 23. «Қандай әлеуметтік желілерде өз аккаунттарыңыз бар?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
ВКонтакте	66,9	65,5
Instagram	39,0	32,0
Мой мир@mail.ru	31,5	32,0
Facebook	28,9	23,9
Одноклассники	26,0	29,4
Twitter	7,9	4,1
WhatsApp	3,8	7,6
Мой круг	3,4	6,1
MySpace	1,7	1,0
LinkedIn	0,4	0,5
Басқа (Skype, Youtube)	0,6	0,5
Әлеуметтік желілерде парақшам жоқ	10,7	14,2
Жауап беруге қиналамын	3,4	2,5

Осындай көрсеткіштерден Қазақстан жастарының жеткілікті түрде ақпараттандырылған деп айтуға болады. Сол себептен жастар саясаты туралы пікірлер жеткілікті квалификациялы болуы тиіс. Негізгі санаттағы сұралған жастардың басым көпшілігі мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін жоғары бағалайды (53,8%). Респонденттердің 28,9% мемлекеттік жастар саясатын тиімсіз деп есептейді. Сауалнамаға қатысушылар 11,3% елдегі жастар саясаты туралы еш нәрсе естімегенін атап өтейік.

NEET санатындағы сұралған жастардың 49,2% мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін төмен бағалайды. NEET санатындағы жастар арасында кері бағалаулардың қосынды көрсеткіші 36,5% құрады (диаграмма 21).

Диаграмма 21. «Елімізде мемлекеттік жастар саясаты тиімді іске асырылып жатыр ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сауалнама барысында жастарға жастарды қолдау бойынша мемлекеттік шараларды, яғни ең бірінші болып атқарылуы тиіс шараларды белгілеп шығу

ұсынылды (бұл сұрақ аталған шаралардың шынайы іске асырылуын бағалауға қатысты болмады).

Сауалнамаға қатысушы жастар ең бірінші қолжетімді және сапалы біліммен қамтамасыз ету (55,6%) және жастардың жұмыспен қамтылуы үшін жағдайларды қалыптастыруды таңдаған болатын (50,5%).

Респоденттердің 40,5% қолжетімді баспана жүйесін дамытуды белгіледі.

NEET санатындағы жастардың белгілеп өткен шаралары мен ұстанымдарын бөлек қарастырып өтейік. Біріншіден, білім беру, еңбек қамтылу және жұмысы жоқ адамдардың баспанамен қамтылуы маңызды. Екіншіден, NEET санатынан сұралғандар жастардың жеке санаттарын қолдауға бағытталған арнайы бағдарламаларды қабылдауға (25,4%) және құқықтық мәдениетті жоғарылатуға (24,9%) көңіл бөліп отыр. Үшіншіден, осы топтан сұралған жастар нашақорлық, токсикомания және алкогольизм мәселелерін алдын алуды белгілеп өтті (19,3%) (кесте 24).

Кесте 24. «Жастарды қолдау бойынша маңызды мемлекеттік шараларды белгілеп шығыңыз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету	55,6	49,2
Жұмыспен қамтылудың жағдайларын қалыптастыру	50,5	52,8
Қолжетімді баспана жүйесін дамыту	40,5	46,7
Салауатты өмір салтын, медициналық қызмет көрсетуді қалыптастыру	36,7	33,5
Жастардың бөлек санаттарын қолдауға бағытталған арнайы бағдарламаларды қабылдау	19,1	25,4
Құқықтық мәдениетті жоғарылату	17,5	24,9
Жастар ортасында діни радикализм мен экстремизмді алдын алудың шаралары	17,2	16,8
Жастардың азаматтық белсенділігін ынталандыру	16,3	13,7
Жастар саясатының институттарын дамыту	16,0	13,2
Жастар ортасында нашақорлық, токсикомания мен алкогольизмді алдын алу	16,0	19,3
Ұлттық мәдени және рухани құндылықтарға ортақтастыру	13,7	12,2
Жастар кәсіпкерлігін дамыту	12,5	13,2
Жастар жобалары мен бағдарламаларын іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыруды ұлғайту	10,8	11,2
Жастар ортасында қылмысты болдырмаудың жүйелік жұмыстарын жүргізу	9,1	9,1
Волонтерлықты дамыту	8,7	9,6
Туризмді дамыту	7,9	10,7
Әлеуметтік меценаттылықты дамыту, қорлардың жастар жобаларын қолдауы	5,1	5,1
Жауап беруге қиналамын	7,8	5,1

Сонымен, жастар саясаты пәнінің өзгеруі туралы айту қажет. Әдетте жастар саясатын білім беру саласының жалғасы, яғни тәлімгерлік пен

тәрбиелеу түрінде көреді. Жастар өз кезегінде практикалық көмекті көбірек, жеке тұлғалық қатынасты, нақты жобаларды күтеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарынан бөлек ресми емес, желілік қауымдастықтар қамтылуы тиіс.

Сауалнамаға қатысушы жастардың жартысынан көбісі үкіметтің жастардың қажеттіліктеріне мән береді деген ұстаныммен келіседі және дәлірегі келіседі (63,7%). NEET санатындағы жастардың арасында бұл көрсеткіш шамамен төмен – 56,9% (диаграмма 22).

Диаграмма 22. «Менің үкіметім менің еріктерім мен қажеттіліктеріме көңіл бөледі?» пікірімен келісесіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)





Диаграмма 23. «Мен жастардың осы қоғамда құрметтелетініне сенбеймін» пікірімен келісесіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Бүгінгі таңда Қазақстанда жалпы және жастарды қолдау бойынша сапалы мемлекеттік салалық бағдарламалар іске асырылып келеді. Бірақ, түрлі жағдайлардың ықпалынан (хабарсыздық, бюрократия, жемқорлық), іске асырудың нәтижелері үміттерді ақтамайды.

Кесте 25. «Елімізде жастарды қолдау бойынша сіз білетін қандай мемлекеттік және салалық бағдарламалар іске асырылып жатыр?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Ең біріншіден		Екіншіден		Карточка бойынша	
	Барлық жастар	NEET	Барлық жастар	NEET	Барлық жастар	NEET
Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы	36,9	32,4	38,6	50,0	30,3	27,6
Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы	21,1	20,3	52,5	61,5	31,2	34,5
Жұмыспен қамтылудың жол картасы-2020 (жастар практикасы)	35,1	35,1	37,2	33,6	43,0	55,2
Аймақтарды 2020 жылға дейінгі дамытудың бағдарламасы	6,9	12,2	35,4	36,1	51,3	57,8

Жастармен жұмыс жасайтын жобалардың ішінен Жасыл Ел ғана жиі айтылады. Жасыл Ел жобасынан кейінгі орында «Дипломмен ауылға!» жобасы.

Мамандарды туған ауылдарына оралтуды қолдаудың жақсы бастамасы жоспарланған ауқымда іске асырылмай жатыр.

Дегенмен, бұл жобалар жастар саясаты ісінде қалай жылжу керектігін көрсетеді. Ресми отырыстар мен конгресттерден нақты жобаларға көшу керек. Жастар нақты практикалық қолдауды күтіп отыр, және де ол білім беру жүйесіне ғана қатысты емес.

Кесте 26. «Еліміздегі жастарды қолдау үшін іске асырылып жатқан қандай жастар жобаларын білесіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)


	Ең біріншіден		Екіншіден		Карточка бойынша	
	Барлық жастар	NEET	Барлық жастар	NEET	Барлық жастар	NEET
Жасыл Ел	51,0	45,6	25,0	30,1	31,3	42,1
«Дипломмен ауылға!» жобасы	28,4	29,5	44,9	42,3	29,6	39,1
«Серпін-2050» жобасы	7,1	8,7	37,8	32,5	29,5	37,6
Жастардың кадрлық қоры	5,0	5,4	34,7	38,2	32,3	37,6
«Даму-көмек» жас кәсіпкердің мектебі	6,5	9,4	38,0	43,9	37,3	33,1
Жоғары сынып оқушыларын кәсіпкерлікке оқытатын «SAGE Kazakhstan» бағдарламасы	1,9	1,3	31,7	40,7	35,2	32,3

Білім және ғылым министрлігінде жеті жыл бойы мемлекеттік жастар саясатына жауап беретін құрылымдық бөлім қызмет атқарып келеді. Үкіметтің жанында жастар саясаты бойынша Кеңес қызмет етіп, аймақтарда жастар саясатын басқарудың тиісті заңы да бар.

Сұралған жастардың басым бөлігі Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы ешнәрсе білмейді (58,4%).

Респонденттердің үштен бір бөлігі ҚР БҒМ департаментінің қызметі туралы бір нәрсе естіген, олардың ішінде сұралғандардың 10% білсе, 20,4% бір нәрсе естіген немесе оқыған. NEET санатындағы жастардың Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы ақпараттануы негізгі санаттағы сұралғандардың көрсеткіштеріне сәйкес келеді (диаграмма 24).

Диаграмма 24. «Сіз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жастар саясаты департаментінің атқаратын жұмысын білесіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)




Ақпараттанудың осы деңгейінде сұралғандар департаменттің жұмысы тиімсізге қарағанда дәлірегі тиімді деп бағалады.

Кесте 27. «ҚР БҒМ Жастар саясаты департаменті жұмысының тиімділігін қызметтің келесі түрлері бойынша бағалаңыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Тиімді	Тиімсіз	Жауап беруге қиналамын
Жастар саясатының сұрақтарымен айналысатын облыс және қала басқармаларының жұмысын бақылау және реттестіру			
Негізгі санат	65,1	20,8	14,1
NEET	62,5	20,3	17,2
Жастардың мәселелері және мүдделері бойынша жастар ұйымдарымен өзара әрекеттесуі			
Негізгі санат	62,2	24,1	13,7
NEET	54,7	31,3	14,1
Ғылыми және әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету			
Негізгі санат	56,1	26,9	17,0
NEET	54,7	29,7	15,6
Жастар саясатының сұрақтары бойынша түсіндірмелік жұмыс жүргізу			
Негізгі санат	53,9	28,2	17,9
NEET	51,6	32,8	15,6
Жастардың волонтерлық қызметін дамытуға үлес қосу			
Негізгі санат	58,7	25,4	15,9
NEET	73,4	14,1	12,5
Патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу			
Негізгі санат	65,3	21,2	13,5
NEET	65,6	21,9	12,5

Сауалнаманың нәтижелері бойынша Жастар саясаты басқармасының жұмысы туралы ақпараттану деңгейі Жастар саясаты департаменті жұмысы туралы ақпараттану деңгейінен төмен болып келеді. ЖСД және ЖСБ түрлі вертикальдар мен билік деңгейлері болып табылады. Олардың арасындағы координация орталықтандырылған сипатқа иеленбейді (диаграмма 25).

Диаграмма 25. «Сіз өзіңіз тұрып жатқан облыс немесе қалаңыздағы Жастар саясатының сұрақтары бойынша басқарманың атқаратын жұмысын білесіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сауалнаманың нәтижелері бойынша Жастар саясаты\ішкі саясат сұрақтарымен айналысатын басқарма патриоттық тәрбиелеу мен ресми емес кездесулерді жақсы ұйымдастырғанымен, қызметтің мазмұндық жағын қалыс қалдырып, жастарға өмірлік маңызды сұрақтар бойынша кеңес беруге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Кесте 28. «Жастар саясаты\ішкі саясат басқарма жұмысының тиімділігін қызметтің келесі түрлері бойынша бағалаңыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Тиімді	Тиімсіз	Жауап беруге қиналамын
Әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету (кітаптар мен оқу құралдарыжәне т.б.)			
Негізгі санат	66,1	26,7	7,2
NEET	66,0	26,0	8,0
Ақпараттық түсіндірмеушілік жұмыс (БАҚ да мақала жариялау, жастармен кездесу)			
Негізгі санат	62,1	23,7	14,2
NEET	64,0	24,0	12,0
Ұйымдастырушылық практикалық жұмыс (акциялар, семинарлар, флэшмобтар және т.б.)			
Негізгі санат	62,9	25,4	11,7
NEET	62,0	32,0	6,0
Жастардың топтарымен жұмыс істеу (ауыл, жұмыссыз, студенттік және т.б.)			
Негізгі санат	52,1	33,9	14,0
NEET	64,0	24,0	12,0
Кеңес беру қызметі (баспана, жұмыспен қамтылу сұрақтары бойынша)			
Негізгі санат	51,1	35,0	14,0
NEET	50,0	34,0	16,0
Патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу			
Негізгі санат	62,5	21,6	15,9
NEET	72,0	20,0	8,0
Жастармен ресми емес кездесулерді ұйымдастыру			
Негізгі санат	45,1	35,4	19,5
NEET	56,0	32,0	12,0

Жастар ресурстық орталықтары жастар саясатының тізбегінде мақсаттылы аудиториялармен жұмыс істейді. Бірақ, билік органдарына қарағанда ресурстық орталықтар туралы білетіндердің саны аз – шамамен 6%. Респонденттердің басым бөлігі Жастар ресурстық орталықтардың қызметі туралы ешнәрсе білмейді (диаграмма 26).

Диаграмма 26. «Өз облысыңыз\қалаңыздағы Жастар ресурстық орталығының жұмысы туралы не білесіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Ресурстық орталықтар маңызды сұрақтар бойынша кеңес беріп отыруы тиіс. Бұл жай ғана кеңес емес, ал ақпараттық қолдау және жастардың даму

бағдарламаларына тартылып, олардың табысты әлеуметтенуіне септігін тигізетін ұсыныстар болып табылады.

Кесте 29. «Жастар ресурстық орталығы жұмысының тиімділігін келесі қызмет түрлері бойынша бағалаңыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Тиімді	Тиімсіз	Жауап беруге қиналамын
Жастарға арналған мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу			
Негізгі санат	65,5	22,6	11,9
NEET	69,6	21,7	8,7
Жастар мен жастар ұйымдарына арналған әдістемелік әдебиет, анықтамалық ақпаратты қалыптастырып, қамтамасыз ету			
Негізгі санат	56,4	27,9	15,7
NEET	58,7	32,6	8,7
Кеңес беру қызметтері (күқықтық, білім алу, баспаналық, жұмыспен қамтылу)			
Негізгі санат	55,8	30,5	13,7
NEET	71,7	21,7	6,5
Жастардың мәселелері мен оларды қолдау сұрақтарын талқылау үшін пікірталас алаңдарын ұйымдастыру			
Негізгі санат	52,9	32,5	14,6
NEET	58,7	34,8	6,5
Жастардың демалысы мен мәдени өмірін дамыту бойынша жұмыс жүргізу			
Негізгі санат	56,9	28,3	14,8
NEET	58,7	34,8	6,5
Мақсаттылы топтармен жұмыс істеу (жұмыссыз, ауыл, жұмыс істейтін, студенттік жастар, жас отбасылар)			
Негізгі санат	55,1	31,9	13,1
NEET	58,7	32,6	8,7

Сауалнаманың нәтижелері бойынша, ең бастысы жастар ресурстық орталығының жұмыспен қамту бойынша қызметі маңызды болып келеді – 52,9%. Оның екінші міндеті – бұл қолжетімді баспана алуға үлес қосу – 45,5.

Тізімнің аяғында мәдени-демалыстық шаралар айтылды. Бұдан жастардың прагматикалық қабілеттерге иеленетінін, өзінің және басқалардың да уақыттарын қадірлейтінін көруге болады. Оған кеңестер емес, ал нақты көмек керек.


Кесте 30. «Сіз Жастар ресурстық орталығынан қандай көмек алғыңыз келер еді?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Жастардың жұмыспен қамтылуына септігін тигізу	52,9	64,5
Қолжетімді баспана алу бағдарламасына қатысуға септігін тигізу	45,5	49,7
Жоғары білім алуға септігін тигізу	31,0	33,5
Жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамытуға септігін тигізу	24,2	31,0
Заңгер, күқық қорғаушының көмегі	17,2	15,7
Мәдени, демалыстық шараларды дамытуға үлес қосу	16,9	21,8
Техникалық және кәсіби білім алуға септігін тигізу	15,8	18,3
Психолог, әлеуметтік қызметкердің көмегі	13,3	12,2
Басқа	0,1	-
ЖРО қызмет көрсетулеріне қажеттілік танытпаймын	0,5	-
Жауап беруге қиналамын	12,4	9,1

4.2 Жастар арасындағы қоғамдық-саяси белсенділіктің деңгейі

Қазақстандық жастардың жоғары саяси белсенділігін атап өту керек. Респонденттердің төрттен бір бөлігі ылғи саясатқа қызығушылық танытып отырады (26,4%). Бұл барлық жастар санатындағы азаматтардың орташа көрсеткішінен де жоғары болып келеді. Елдегі саяси өмірге қызығушылық танытпайтындардың үлесі сұралғандардың 19% құрайды. Сонымен, қазақстандық жастар саясаттан алшақтаған деген қорытынды жасап керек емес. Жастардың кішілеу және ересек топтары да белсенділікті танытып отыр. Жастардың саясатқа деген қызығушылығы өмірге деген қызығушылықпен бара бар келеді (диаграмма 27).

Диаграмма 27. «Сіз еліміздің саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, респонденттердің жасы неғұрлым жоғары болған сайын, елдің саяси өміріне деген қызығушылық соғұрлым жоғары болып келеді. Мысалға, 24 және 29 жас аралығындағы жастардың 27,3% саясатқа ылғи қызығушылық танытып отырады, ал 55,2% тек кейбір жағдайларда ғана қызығады (кесте 31).

Кесте 31. «Сіз еліміздің саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Иә, әрдайым қызығушылық танытамын	25,6	25,9	27,3
Кейбір кезде ғана қызығушылық танытамын	44,7	51,0	55,2
Мүлдем қызықпаймын	24,4	20,1	14,7
Жауап беруге қиналамын	5,3	3,1	2,8

Сауалнамаға жауап берген қазақ жастары (17%) мен орыс жастарына (19,4%) қарағанда өзге ұлттық топтардың саяси өмірге деген қызығушылықтары төмен болып келеді (33,3%).

Кесте 32. «Сіз еліміздің саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгілер бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә, әрдайым қызығушылық танытамын	30,0	20,2	14,3
Кейбір кезде ғана қызығушылық танытамын	49,6	55,9	50,6
Мүлдем қызықпаймын	17,0	19,4	33,3
Жауап беруге қиналамын	3,5	4,6	1,8


Сонымен қатар, еліміздің саяси өміріне сұралған студент жастар немесе ЖОО түлектері, оған қоса жоғары сынып оқушылары үлкен қызығушылық танытады (кесте 33).

Кесте 33. «Сіз еліміздің саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (білім деңгейі бойынша, %)

	Жоғары, дәрежесі бар	Жоғары (бакалавр/маман)	Аяқталмаған жоғары	Орта арнайы білім	Жалпы орта	Аяқталмаған орта
Иә, әрдайым қызығушылық танытамын	20,0	34,5	29,1	21,6	27,6	20,5
Кейбір кезде ғана қызығушылық танытамын	67,5	50,4	57,8	55,8	46,6	39,5
Мүлдем қызықпаймын	7,5	13,6	9,7	17,6	23,2	35,0
Жауап беруге қиналамын	5,0	1,5	3,4	5,1	2,6	5,0


Ақырғы уақытта елімізде болған жағдайлар мен оқиғаларға қарамастан, жастар қоғамдағы саяси жағдайды жайлы деп бағалап отыр. Респонденттердің басым бөлігі қазіргі саяси жағдайды жайлы және дәлірегі жайлы деп есептейді (80,2%). NEET санатындағы жастар да дәл осындай баға беріп отыр (80,7%) (диаграмма 28).

Диаграмма 28. «Сіз елдегі қазіргі саяси жағдайды қалай сипаттар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, сұралған жастардың 74,8% Қазақстанның азаматтары болып табылатындарымен мақтан тұтады. Қалыпты бағалардың қосынды көрсеткіші шамамен 100% құрап, сұралғандардың 96,8% қамтыған. Оған қоса, NEET санатының жастары да қазақстандық азаматтылықпен мақтан тұтатындарын білдірді – 94,4% (диаграмма 29).

Диаграмма 29. «Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Өскелең жастағы топтар, жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларын қосқанда, қазақстандық азаматтылықпен мақтан тұту деңгейі ерекше жоғары. Мысалға, 14 және 18 жас аралығындағы жастар арасында Қазақстанның азаматтары екеніне мақтан тұтатындардың көрсеткіші 77,8% жетеді, ал 24 және 29 жасқа дейінгі топта бұл көрсеткіш 72,8% құрады. Айырмашылық қатты байқалмағанымен, жалпы үдеріс көрініс тауып отыр (кесте 34).

Кесте 34. «Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Иә, мақтан тұтамын	77,8	74,9	72,8
Дәлірегі мақтан тұтамын	19,5	22,8	22,9
Дәлірегі мақтан тұтпаймын	0,8	0,7	2,0
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,2	0,9	0,5
Жауап беруге қиналамын	1,6	0,7	1,7

Әрине, қазақ жастары басқалармен салыстырғанда патриоттық сезімдерін жоғары білдірген болатын – шамамен 79,7%. Орыс ұлты арасында бұл көрсеткіш 59,4%, және өзге ұлттар өкілдерінің арасында 74,4% құрады (кесте 35).

Кесте 35. «Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізге мақтан тұтасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгілер бойынша, %)


	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Иә, мақтан тұтамын	79,7	59,4	74,4
Дәлірегі мақтан тұтамын	18,3	33,4	22,0
Дәлірегі мақтан тұтпаймын	0,9	2,8	0,6
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,6	0,3	1,2
Жауап беруге қиналамын	0,5	4,1	1,8

Осы орайда жастардың өздерінің саясатқа әсер етіп, билікті іске асыру үрдісіне қатыса алмау мүмкіндіктеріне көңілі толмайтындарын білдіргенін ескеру маңызды.

Сұралған жастардың 21% өздерінің саясатты қалыптастыруға деген ықпал ету мүмкіндіктерін жоғары деп бағалайды. Респонденттердің 39% кейбір ықпал ету мүмкіндіктерін келтіріп, олардың шектеліп келетіндерін білдірді. Әрбір үшінші респондент ықпалды жеткіліксіз және әлсіз көріп, жастардың Қазақстандағы саясатты қалыптастыруға қатысты ықпалын жоққа шығарады.

NEET санатынан сұралған жастардың өздерінің саясатты қалыптастыруға қатысып, ықпал ете алатындарына сыни көзбен қарайтынын атап өту керек (диаграмма 30).

Диаграмма 30. «Сіз Қазақстандағы саясатты қалыптастыруға қатысу және ықпал ету мүмкіндігіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жастардың өздерінің саяси өмірге қатысу деңгейлеріне көңілі толмайтындарын да атап өтуге болады. Біз жастардың саяси белсенділігінің әлеуетін, ұрпақтар алмасу ресурсын нығайту керектігін ұғынып отырмыз.

Сауалнаманың нәтижесі көрсетіп отырғандай, сұралғандардың жасы неғұрлым кіші болса, қазақстандық жастардың Қазақстан саясатын қалыптастырып, оған әсер ете алады деген сенімділік деңгейі соғұрлым жоғары болып табылады. Мысалы, 14 және 18 жас аралығындағы жастардың 23,8% жастардың саясатқа деген ықпалы зор екенін білдірсе, 24 және 29 жас аралығында бұл көрсеткіш 19% құрайды (кесте 36).

Кесте 36. «Жастардың Қазақстандағы саясатты қалыптастырып, оған ықпал ету мүмкіндіктерін қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Ықпалы зор	23,8	21,4	19,0
Қандай да болсын ықпалы бар	42,7	40,2	35,7
Ықпалы әлсіз	18,7	23,7	27,6
Ешқандай әсер ете алмайды	8,3	9,5	13,7
Жауап беруге қиналамын	6,5	5,2	4,1

Кесте 37. «Жастардың Қазақстандағы саясатты қалыптастырып, оған ықпал ету мүмкіндіктерін қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының (ұлттық белгілер бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Ықпалы зор	23,5	16,8	12,5
Қандай да болсын ықпалы бар	41,6	34,2	31,0
Ықпалы әлсіз	21,6	27,8	32,1
Ешқандай әсер ете алмайды	8,8	16,6	13,1
Басқа	0,2	-	-
Жауап беруге қиналамын	4,3	4,6	11,3


Алибабаның негізін қалаушы Джэк Ма АЭФ-тегі кездесуінде айтқандай, «біз қаласақ та, қаламасақ та жастар саясаттың өмірі мен басымдықтарын өзгертетін болады». Бізге ең керегі солармен қатар дамып, олардың құндылықтары мен бағдарларын игеру, сонда ғана дұрыс даму үрдісі орын алады.

Осы орайда Президент Н.Ә.Назарбаевтың аға ұрпақ жастарды түсініп, олардың дамуына кедергі қылмау керек деп қайтарған даналыққа толы жауабын келтіруге болады.

Президенттің саясаты мен қызметі жастардың негізгі бөлігінің талаптары мен мүдделеріне сай келеді. Респонденттердің 48,1% Елбасына толық сенетіндерін, ал 42,2% дәлірегі сенетіндерін білдірді. Сонымен, Елбасына жастардың 90,3% сенім артып отыр.

NEET санатынан сұралғандардың арасында да бұл көрсеткіш жоғары— 90,9% (диаграмма 31).


Диаграмма 31. «Сіз Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа сенім білдіресіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Ақырғы бірнеше айлар ішінде Президенттің қызметін толықтай қалыпты деп бағалағандардың үлесі 46,4%, ал дәлірегі қалыпты деп бағалағандардың үлесі 39,2% құрады.

Президенттің қазіргі қызметін бағалаудың көрсеткіштері оған деген сенім білдіру көрсеткіштерінен төмен болып келетіні Ақтөбеде болған жайттар мен жер сұрақтарының салдары болып табылады деген ұйғарым жасауға болады. Барлық жағдайларда жастар басты рөлді атқарған болатын.

Диаграмма 32. «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ақырғы айлардағы қызметін қалай бағалар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жастардың Елбасының қызметін қолдаудың жоғары деңгейі объективті және негізделген болып келеді. Елбасының қызметін неғұрлым қолдағандардың үлесі Солтүстік Қазақстан облысында (83,7%), Астана қаласында (70%) белгіленген. Президентті қолдаудың жоғары көрсеткіші Ақтөбе облысында тіркелген – шамамен 60,4%. Бұл қалада болған террористік шабуылдардың салдарын жою бойынша шешуші шаралардың жүргізілігінен қарап, алғыс білдірудің белгісі болып табылады. Президентті қолдаудың жоғарғы көрсеткіштері сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан (63,4%) және Батыс Қазақстан (64,5%) облыстарында тіркелді (кесте 38).

Яғни, жастардың Президентті қолдауы Қазақстанның барлық аймақтарынан байқалады. Дегенмен, оның қызметін теріс бағалаудың жоғары көрсеткіштеріне де мән беру керек. Бұл Қостанай облысы (20,9%), Алматы қаласы (14,8%) және Қарағанды облысы (11,9%).

Кесте 38. «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ақырғы айлардағы қызметін қалай бағалар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)


	Қалыпты	Дәлірегі қалыпты	Дәлірегі теріс	Теріс	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	15,1	63,0	9,6	-	12,3
Ақтөбе облысы	60,4	25,3	-	3,3	11,0
Алматы облысы	37,6	40,7	9,3	2,6	9,8
Атырау облысы	58,5	40,0	-	-	1,5
Батыс Қазақстан облысы	46,9	37,7	7,7	0,8	6,9
Жамбыл облысы	5,7	83,0	4,7	-	6,6
Қарағанды облысы	64,5	24,2	-	1,6	9,7
Қостанай облысы	26,9	50,0	9,7	2,2	11,2
Қызылорда облысы	41,9	30,2	17,4	3,5	7,0
Маңғыстау облысы	55,0	35,0	1,3	-	8,8
Оңтүстік Қазақстан облысы	53,0	34,8	-	-	12,1
Павлодар облысы	55,6	26,4	6,9	-	11,1
Солтүстік Қазақстан облысы	83,7	14,3	2,0	-	-
Шығыс Қазақстан облысы	63,4	28,8	3,9	1,3	2,6
Астана қ.	70,1	26,8	3,1	-	-
Алматы қ.	29,6	50,8	11,6	3,2	4,8

Еліміздегі барлық келеңсіздіктер мен ақырғы оқиғаларға қарамастан, жастар Қазақстанның даму бағытын бұрынғыдай қолдап отыр. Бұған әлеуметтік зерттеудің мәліметтері дәлел. Сұралған жастардың басым көпшілігі Қазақстан дұрыс және дәлірегі дұрыс бағытта дамып келеді деп ойлайды– 85,8%.

Даму бағытына қарсы адамдардың үлесі 6,9% құрайды.

NEET санатынан сұралғандардың ішінде 9,1% теріс баға берді.

Диаграмма 33. «Қалай ойлайсыз Қазақстан қазіргі таңда дұрыс бағытта дамып келе жатыр ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік институттардың арасында Үкіметтің қызметі ең тиімді деп бағаланады: 79,6% «тиімді» және дәлірегі «тиімді» деп белгіледі (кесте 39).

Кесте 39. Жастарға қолдау көрсететін мемлекеттік құрылымдардың қызметін бағалаңыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Тиімді	Дәлірегі тиімді	Дәлірегі тиімсіз	Тиімсіз	Жауап беруге қиналамын
ҚР Үкіметі					
Барлық жастар	35,8	43,8	11,5	1,8	7,0
NEET	33,0	43,1	13,2	2,5	8,1
ҚР Парламентінің депутаттары					
Барлық жастар	18,4	46,5	18,5	5,0	11,5
NEET	16,8	38,6	24,9	6,6	13,2
Түрлі деңгейлердегі маслихат депутаттары					
Барлық жастар	14,7	43,3	22,8	5,9	13,3
NEET	13,2	38,1	25,9	7,1	15,7
Облыс әкімі					
Барлық жастар	16,3	45,7	20,0	6,7	11,4
NEET	14,2	41,6	21,8	8,6	13,7
Тұрғылықты жеріңіздің әкімі					
Барлық жастар	17,0	43,6	21,1	6,4	11,8
NEET	17,8	37,1	21,3	9,6	14,2
Жастар саясаты сұрақтары бойынша басқарма					
Барлық жастар	17,4	41,9	17,1	5,9	17,7
NEET	12,7	35,0	23,4	9,1	19,8

Жастарға ықпалы зор республикалық ұйымдардың саны екеу. Бұл Жас Отан (сұралғандардың 74,2% олардың жұмысы туралы біліп отыр) және Республикалық «Жасыл ел» штабы (жастар арасындағы ақпараттану деңгейі 49,4%) болып табылады.

Негізгі санаттағы жастармен салыстырғанда NEET санатынан сұралғандардың арасында ұйымның қызметі туралы ақпараттану деңгейі жоғары болып келеді (кесте 40).

Кесте 40. «Қандай жастар ұйымдарын білесіз? Және қандай жастар ұйымдарымен жұмыс істедіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Біледі		Өзара жұмыс істеді	
	Барлық жастар	NEET	Барлық жастар	NEET
«Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты	74,2	79,1	36,4	40,7
ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендианттарының қауымдастығы	55,0	64,4	13,1	5,6
«Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы	49,4	58,6	26,3	37,0
«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы	37,6	47,1	21,0	13,0
Қазақстан студенттерінің альянсы	30,0	32,5	8,2	18,5
«Жас Қыран» әскери-патриоттық бірлестіктер дамуының орталығы	24,0	28,3	7,5	9,3
Қазақстанның жас кәсіпкерлерінің қауымдастығы	19,5	20,9	5,6	7,4
Ұлттық волонтерлық желі	18,4	25,1	12,7	16,7
Қазақстанның жас депутаттарының қауымдастығы	15,8	18,3	4,1	9,3
Қазақстан жастарының конгресі	15,5	18,3	5,0	1,9
Басқа (ЖҚБ «Голос молодежи», «Алтын Сапар» ЖҚБ, «Жайық жастары» КБ, «Кіші ҚХА», ҚБ «Жәрдем-Содействие», ЖҚБ «Жастар бастамаларын дамыту» және т.б.)	1,1	1,0	2,0	-

Жастардың мәселелеріне көңіл бөлетін партиялар туралы айтатын болсақ, онда сауалнаманың нәтижелері бойынша, «Нұр Отан» партиясы жоғары позицияларға иеленеді (66,2%).

Жастардың ойынша, екінші орынға Нұр Отаннан әлдеқайда артта қалған «Ақ жол» демократиялық партиясы 12,8% орныққан (кесте 41).

Қазақстанның басқа саяси партиялары 10% төмен көрсеткіштерге иеленеді.


Кесте 41. «Қандай саяси партиялар жастардың мәселесіне көбірек көңіл бөліп, жастардың қажеттіліктеріне бағдарланған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
«Нұр Отан» партиясы (Н.Назарбаев)	66,2	67,0
«Ақ жол» демократиялық партиясы (А.Перуашев)	12,8	15,7
«Бірлік» партиясы (С.Султанғали)	6,6	4,1
«Ауыл» Халықтық-демократиялық партиясы (А.Бектаев)	4,5	4,1
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	2,9	0,0
Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы	2,6	3,6
«Алға, ДВК!» қоғамдық бірлестігі (В.Козлов, М.Жанұзақов)	1,8	1,5
Басқа	1,2	-
Жауап беруге қиналамын	26,5	31,0

4.3 Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру

Денсаулық – жастардың негізгі ресурсы мен артықшылығы. Жалпы, сұралғандардың көбісі денсаулық жағдайын жақсы немесе қанағаттандырылған деп бағалайды (диаграмма 34).

Диаграмма 34. «Өз денсаулығыңыздың жағдайын қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Кесте 42. «Ақырғы аптаның ішінде қанша рет қарқынды дене шынықтыру жаттығуларын жасадыңыз? (мысалға, жүгіру, футбол және т.б.)» (%)

	Барлық жастар (%)	NEET (%)
Бір рет	23,1	20,8
Екі және үш рет	32,8	34,5
Күнде	18,2	18,3
Мүлдем жасамадым	22,7	22,3
Жауап беруге қиналамын	3,2	4,1

Жасырақ топтардағы жастардың денсаулығы мықты болып келеді (14 және 18 жас аралығында). Бұның себебі жастардың есейген сайын дене шынықтыру және спортпен айналыспайтынына негізделеді (кесте 43).

Кесте 43. «Өз денсаулығыңыздың жағдайын қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Өте мықты, мүлдем ауырмаймын	31,1	22,4	20,0
Жақсы, сирек ауырамын	41,1	48,1	42,8
Қанағаттандырылған	23,8	26,6	32,6
Нашар, жиі ауырамын	2,8	1,6	3,1
Өте әлсіз, жиі және ұзақ ауырамын	-	0,5	0,4
Жауап беруге қиналамын	1,2	0,7	1,1

Аптаның ішінде қарқынды дене шынықтырумен айналыспағандардың үлесі 14 жастан 18 дейінгі аралықта 15% құраса, бұл көрсеткіш 24 және 29 жас аралығындағы адамдарда 29% құрады.

Сәйкесінше, 24 және 29 жас аралығындағы денсаулықтары мықты болып келетін жастардың көрсеткіші 14 және 18 жас арасындағы жастар тобының көрсеткішінен үштен бір бөлікке төмен болып келеді. Сонымен, мәселе азаматтардың жасында емес, өйткені, барлық сұралғандар жастардың қатарына кіреді, ал физикалық белсенділіктің қысқарылуына негізделеді (кесте 44).

Кесте 44. «Ақырғы аптаның ішінде қанша рет қарқынды дене шынықтыру жаттығуларын жасадыңыз? (мысалға, жүгіру, футбол және т.б.)» (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Бір рет	22,4	24,1	22,8
Екі және үш рет	33,7	36,6	29,4
Күнде	26,4	15,1	15,1
Мүлдем жасамадым	15,0	20,8	29,0
Жауап беруге қиналамын	2,4	3,4	3,6

Қазақстандық тәрбиелеу жүйесінде жастардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастырып, жастардың физикалық белсенділігін жоғарылатып, спортқа деген қызығушылықты көтеру керек.

Бұлай болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетулерді дамыту керек болады. Зерттеу қорытындысы бойынша, жастардың тек төрттен бөлігі ғана дәрігерлерге көңілдері толады (25,5%).

Респонденттердің 19,4% дәрігерлердің біліктілігіне көңілдері толмайды.

Кесте 45. «Өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде көрсетілетін медициналық қызмет көрсетулерге қаншалықты көңілдеріңіз толады?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)»

	Барлық жастар	NEET
Толығымен қанағаттанамын, мен дәрігерлерге сенемін	25,5	20,8
Ішінара көңілім толады, білікті дәрігерлер мен мамандар ылғи кездесе бермейді	51,1	53,8
Мүлдем көңілім толмайды, өз ісінің маманын табу қиын	19,4	22,8
Басқа	0,3	-
Жауап беруге қиналамын	3,7	2,5

Өз-өзіне қол жұмсаған адамдарға қалай қарайсыз деген сұраққа көбісі сынға алатындарын айтты - 39,3%.

Сұралғандардың төрттен бір бөлігі «бейтараптылық» танытты (24,3%) (кесте 46).

Кесте 46. «Өз-өзіне қол жұмсаған адамдарға қалай қарайсыз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Оларды түсінуге болады	17,1	17,3
Бейтараптылық қатынас танытасыз	24,3	22,8
Сынға аласыз	39,3	43,7
Басқа (мұндай жағдайға кезікпедім, аянышты, оларды түсінбеймін, өзгелерді сынамаймын)	1,8	1,5
Жауап беруге қиналамын	17,6	14,7

Бөлім бойынша қорытынды

(1) Біз ақпараттық парадигма өзгеріп жатқан шынайылықта өмір сүріп жатырмыз. Өміршеңдігі зор болған теледидардың орнына ақпарат алып қана қоймай, сонымен қатар онымен алмасуға мүмкіндік беретін мобильді әлеуметтік желілер келді. Интернет пен әлеуметтік желілер ақпарат таратуда бәсекелес теледидармен үйлесімді көрсеткіштерге иеленіп келеді. Теледидар мен интернет арасындағы қашықтықтар қысқара бастады. Бұл жағдайда жастардың арасында баспалы басылымдар тиімсіз бола бастады.

(2) Әлеуметтік желілерге тіркелуіне байланысты жастарды жаңадан құрылымдай бастады. Ресейлік және батыстық желілік ресурстардың танымалдылығы өсіп келеді. Сұралған жастардың 2/3 ВКонтакте и Одноклассники ресейлік желілерді қолданып, олардың арасында Facebook және WhatsApp қатты таралған. Сондай ақ біз электрондық коммерция, интернет-банкингтің күнделікті практикаларын басымыздан кешіріп жатырмыз. Жастар әлеуметтік желілердің жаңа заңдарына сай өмір сүріп келеді.

(3) Мемлекеттік жастар саясатында да жағдай осы іспетті. Мемлекеттік басқару жүйесі жастарды білім беру саясатының призмасы арқылы қабылдайды, алайда бұл мәселе басқа да маңызды сұрақтарды қамтиды. Білім үрдісіне қатысы жоқ жастардың жастар саясатымен қамтылмайтыны анықталды. Жастар саясаты білім беру және жұмыспен қамтылу бағытында жүрген жастарға қатысты тиімді шаралар атқарып келеді. Әлеуметтік жобаларға тартылмаған аулалық жастар, желілік жастар жастар саясаты назарынан тыс қалуда.

(4) Мемлекет пен жастарда жастар саясатын қалайша жүзеге асыру керектігіне байланысты түрлі ой пікір қалыптасқан. Жастар саясатымен әдетте ересек немесе жастар санатынан шығып қойған адамдар айналысады. Былай қарағанда жастар осы саясатты қалыптастыру үрдісінен тыс қалып отыр. Нәтижесінде басқарушылардың аға буынды ұрпағы жастар саясатын білім беру және әлеуметтік тұрғыдан қарастырса, жастар оны жастар кәсіпкерлігін, бизнес пен жаңа бастамаларды қолдаудың жүйесі деп түсінеді.

(5) Жастар саясаты мен жобалардың әдістері өзгеруі тиіс. Өткен жылдары іске асырылған, орындалған бастамалардың ішінен жастардың жұмыспен қамтылу мобилизациясына септігін тигізген Жасыл ел бағдарламасын ғана белгілеуге болады. Жасыл ел бағдарламасының

тиімділігін әрбір екінші респондент атап өтті. «Дипломмен ауылға» жобасы салмақты әлеуетке иеленген болатын.

(6) Мәселе жастардың Білім және ғылым министрлігінің негізгі бағдарламаларын өздерінің мүдделеріне бағытталған бағдарламалар ретінде көрмейтініне негізделеді. Мұндағы жастардың көзқарастары ескерілмеген, ол өз кезегінде тек білім беруді ғана емес, сонымен қатар басқа да саясаттарды әлсіретеді.

(7) Жастар саясатын басқару мен координациялаудың қазіргі құрылымы негізінде тиімсіз болып келеді. Ең алдымен орталық және аймақтар арасында байланыс жоқ. Қазіргі жастар инфрақұрылымы үгіт-насихаттық және мобилизациялық мақсаттарды іске асырғанымен, инновациялық даму және жастардың бизнес әлеуметтену сияқты маңыздырақ мәселелерді шеше алмай отыр.

(8) Жастардың елдің саяси өміріне деген қызығушылықтары және саяси белсенділігі жоғары болып келеді. Әрбір төртінші жас адам саясатқа қызығушылық білдірсе, қазақтардың арасында әрбір үшінші адам саясатпен қызығады. Жастардың саясаттан алшақтығы – дәлелденбеген миф. Сәйкесінше, жастардың үлкен саяси энергиясын дұрыс қолданудың қажеттілігі туындап отыр. Тек жастарды жастық кезеңнен шығып қойған басқарушылардың ұрпақтарымен алмастырып керек емес. Жастар – бұл бұрын кіші түркілер ұрпағы деп аталған бизнес-элита, корпоративті сектордың топ-менеджментінен билікке тартылған болашақ түлектерінің бірінші ағымынан ерекшелінетін жаңа ұрпақ. Жастар тез өзгеріп отырады, және осы орайда оларды елімізде алғашқы рет жастар саясатын қалыптастырған ұрпақтарға теңдестіріп керек емес.

(9) Жастардың ортасында патриоттық көңіл-күйлердің өскенін ерекше атауға болады. Сұралған жастардың басым көпшілігі қазақстандық азамат болғандарына мақтан тұтады.

(10) Президенттің жастардың рөлін нығайтудағы даналығын атап өту керек. Дұрыс жастар саясатының айнасы ретінде кадрлық жүйені, жас басқарушылардың жетекші орындарға тағайындалуын қарастыруға болады. Дегенмен бұл де жеткіліксіз. Мемлекеттік саясаттың жастардың көзқарасы тарапынан қайта оқылып, оның тірілуі және инновациялық ұғынуы қажет. Жастар білім беруде ғана емес, сонымен қатар барлық саясаттарда да басты орындарға иеленуі тиіс.

(11) Жастар саясатын басқару құрылымының тиімділігі бәр мәнді емес. Президенттің саясатын жастар саясатының күшті инфрақұрылымы қолдау керек. Үкімет және жергілікті органдар, биліктің өкілетті тармақтарындағы депутаттар саясаты тиімділігінің арасында айтарлықтай айырмашылықтарды байқауға болады. Жастар саясаты – ұжымдық жауапкершіліктің пәні.

(12) Жастар арасында іске асырылуы тиіс жаңа армандар мен жаңа лидерлер қалыптасқан. Мысалға, қазіргі таңда Геннадий Головкин, Илья Ильин, Қайрат Нұртас сенім білдіру және көңіл бөлу көрсеткіштері бойынша мемлекеттік қызметкерлерден асып түсті. Қоғамдық сектор, ҰЕҰ үлкен маңыздылыққа иеленіп келеді. Биліктің саясаттары қоғамдық институттармен келісіп қана қоймай, сонымен қатар солар арқылы жүргізілуі тиіс. Бетпе бет күресудің уақыты өтті, ендігі керегі сұхбат, ақпараттандыру, қоғамдық

институттармен келісім орнату. Онсыз институционалды реформалар іске асырылмайды.

(13) Жаңа ұрпақтың денсаулығы маңызды сұрақ болып табылады. Жастардың аз бөлігі күнделікті дене шынықтырумен айналысатыны, ал әрбір бесінші респондент тіпті дене шынықтырумен айналыспайтыны анықталды. Жастар спортта үлкен жетістіктерге жетпесе болашақтың ұлты концепциясы іске асырылмауы да мүмкін. Үлкен жетістіктермен жолдамаланған спорт – бұл қалыптасқан мемлекеттің презентациясы. Спортта үлкен жетістіктерге қол жеткізу үшін бұқаралық спортты, дене шынықтыруын дамыту керек. Жастардың шамамен жартысы спортпен айналысып, секцияларға барып, ал әрбір үшінші адам қарқынды және кәсіби спортпен айналысуы тиіс.

(14) Қазіргі жастар саясатының әлсіздігі жасөспірімдердің суицидтік синдромы, ерте жаста некеге тұру мен бала көтеру, сонымен қатар салауатты өмір салтымен байланысты көптеген мәселелерден көрініс табады. Біз жастардың 17 пайызы өз-өзіне қол жұмсауға түсіністікпен қарайтын және әрбір төртінші адам оған бейтараптылық танытатын қиын жағдайда қалып отырмыз.

V. Жастар ортасындағы діни жағдайды бағалау

Ақтөбеде болған жайттар көрсетіп отырғандай, діни үрдістер бұрыңғысына қарағанда үлкен маңыздылық пен тереңдікке иеленеді. Қазақстан бұл іспетті жағдайды 2011 жылы басынан кешірген болатын.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша жастардың арасында белсенді діндарлардың үлесі 15,5% құрайды. Жастар арасындағы жалпы Құдайға сенетіндердің саны шамамен 80% жетеді (кесте 47).

Кесте 47. «Сіз өзіңізді діндар адам деп есептейсіз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Барлық жастар	NEET
Мен діндармын, діни қауымдастықтың өміріне қатысып, діни нормаларды орындаймын	15,5	17,8
Мен діндармын, бірақ мешіт пен ғибадатханаларға сирек, мейрамдар кезінде ғана барамын, діни нормаларды сирек орындаймын	29,6	28,9
Мен діндармын, бірақ мешіт пен ғибадатханаларға тым сирек барып, діни нормаларды сирек орындаймын	32,9	36,0
Мен діндар емеспін, бірақ кейбір кезде мешіт пен ғибадатханаларға барып, діни нормаларды орындаймын	3,3	3,0
Мен діндар емеспін, бірақ діндарларды сыйлаймын	8,4	6,6
Мен дінге бейтараппын	4,4	4,1
